



### КӨКТАЛ ҚАЛАЙ ДАМУДА?

6-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



### БУЛЛИНГТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢЕМІЗ?

8-БЕТ | САРАПТАМА



## ҮЗДІК СТУДЕНТ

Білімді жастардың бірі, болашақ дәрігер Темірхан Баяхметов соңғы үш жыл қатарынан «ТМД-ның үздік студенті» жүлдесіне ие болды.



5

№122 (4555) Сенбі 14 қазан 2023 жыл




# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АҚОРДА

## ЛАҢКЕСТІК – АҚТАУҒА КЕЛМЕЙТІН ӘРЕКЕТ

Бішкек қаласына жұмыс сапарымен келген Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Қазақстан Президенті қонақжайлық көрсеткені және ТМД-ға төрағалық ету барысында Қырғызстанның табысты жұмыс атқарғаны үшін Садыр Жапаровқа алғыс айтты. Мемлекет басшысы ТМД жанындағы Серіктес және Бақылаушы мәртебесінің бекітілуін бүгінгі отырыстың айтулы оқиғасы ретінде атап өтіп, бұл шешім Ұйымның кемеліне келгенін және оны дамытудың жаңа кезеңіне қадам басқанын көрсететініне назар аударды.

Қазақстан Президенті геосаяси қайшылықтардың шиеленісе түскенін атап өтіп, әлем экономикасында тұрақсыздық күшейгенін айтты. «Қазақстан жаһандық сауда-саттық пен мемлекеттердің әл-ауқатына кері әсер ететін экономикалық санкцияларды қолдануға түбегейлі қарсы» деді Мемлекет басшысы. Бұдан бөлек, Президент Таяу Шығыстағы қазіргі ахуалға қатысты пікір білдірді. «Қазақстан халықаралық өзекті проблемаларды шешу үшін лаңкестік әдістерді қолдануға мүлдем қарсы. Ондаған жыл бойы шешімін таппай келе жатқан міндеттерді жүзеге асыру үшін бейбіт азаматтарға зорлық-зомбылық көрсетіп, террорлық акциялар жасауға болмайды. Бұл – еш ақтауға келмейтін әрекет» деді Президент.

(Соңы 2-бетте)



4

## АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ ҚАНДАЙ?

Елімізде азаматтық белсенділік күшейіп, мемлекет пен қоғам арасында саналы және сындарлы серіктестік қалыптасқан. Азаматтық қоғамды перспективалық дамытуға және олардың құқықтық мемлекет құруға қатысуына елордада қашан да қолдау білдіріледі. Кеше Астанада өткен XI азаматтық форумда үкіметтік емес ұйымдардың тыныс-тіршілігіне көз жеткіздік.

### ТҰМАУДЫҢ АЛДЫН АЛЫҢЫЗ

Астана қаласының коммуникациялар қызметінде ЖРВИ мен тұмауға қарсы вакцинацияның басталғаны туралы айтылды.

Брифингке қалалық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мамандары тұмау туралы ақпарат берді.

Қалада ЖРВИ мен тұмаудың эпидемиологиялық маусымы 23 қыркүйектен басталды. Бүгінгі таңда елорда тұрғындары арасында 12876 ЖРВИ жағдайы тіркелді. Өткен жылдың сәйкес кезеңінде 7641 жағдай болған еді.

Тұмаудың маусымдық иммунопрофилактикасын эпидемиялық маусым басталғанға дейін 2-3 аптадан кешіктірмей вакцина салдыру маңызды. Вакцина қыркүйек-қазан айында салынуы керек.



### ҚАРЖЫ ҚАЙТАРЫЛДЫ

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сотқа дейінгі тергеу қызметінің басшысы Қанат Сүлейменов 2022 жылдан бері заңсыз пайдаланып кеткен 856 миллиард теңге мемлекетке қайтарылғанын мәлім етті.

Бұл сомаға шетелден қайтарылған ақша ғана емес, жылжымайтын мүлік те кіреді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет 2022 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 856 миллиард теңгені қайтарды. Мәселен, сот үкімі шыққан ӨКМ ісі бойынша 180 миллиард теңге қайтарылды. Ақшаның бір бөлігі жеңілдетілген автокөлік несиесіне жұмсалды. Қайтарылған қаражаттың бәрі әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалады. Жыл соңына дейін әлі 180 миллиард теңгені қайтарылатыны жоспарланып отыр. Оның құрамына ақша, мүлік, шетелдегі қымбат көліктер кіреді» деді Қ.Сүлейменов.

### 14-15 ҚАЗАНДА

Қазақ өнер университетінің «Шабыт» сарайы алдындағы алаңда Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің жәрмеңкесі өтеді. Тауар өндірушілер ет пен балық, жарма мен сүт, көкөніс пен жемістің түр-түрін ұсынады.





# ЛАҢКЕСТІК – АҚТАУҒА КЕЛМЕЙТІН ӘРЕКЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның халықаралық қатынастарда әділдік қағидатын орнатуды, халықаралық қоғамдастықтың барлық мүшесінің заңды және егемендік құқығын ескере отырып, оны демократияландыруды жақтайтынын жеткізді. Мемлекет басшысы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіндегі қазіргі тоқырау жағдайында әмбебап ұйымның өкілдік аясы анағұрлым кең органы саналатын БҰҰ Бас Ассамблеясының рөлін күшейтуге мүмкіндік бар әрі қажет деп есептейді. «Бұл ретте БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау ісінде асығыстық танытуға болмайды. Біздің ойымызша, бұл маңызды органға әлемнің барлық аймағының елдері, соның ішінде жаһандық Оңтүстік мемлекеттері мүше болуға тиіс. Шын мәнінде, бұл ұстанымды осы жиынға қатысып отырған мемлекеттер басшыларының барлығы құптайтыны қуантады» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев туын-дайтын сын-қатерлерді еңсеруге, табысты ынтымақтастықты нығайту үшін жаңа салаларды іздеуге бағытталған ТМД форматындағы белсенді ықпалдастықты жалғастыруға шақырды. «Тығыз сауда-экономикалық байланыстарды дамыту негізгі міндет болып қала береді. Достастыққа мүше елдердің нарықтары біз үшін қашанда басымдыққа ие. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның сыртқы сауда айналымының төрттен бірінен астамы ТМД мемлекеттерімен жасалды. Бұл он динамика билы да сақталып отыр. Қазақстанның сауда айналымы 7 айда 4,4 пайызға өсіп, 20,6 миллиард



долларды құрады. Біз сауда байланыстарын одан әрі нығайту үшін қолда бар мүмкіндіктерді толық пайдалануымыз қажет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының пікірінше, сауда кедергілерін жоюға, қолайлы тарифтік жағдай жасауға, әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге баса мән беру қажет. Сонымен қатар Президент Достастық кеңістігіндегі көлік дәліздерін дамыту маңызды екеніне назар аударды.

«Біз өзіміздің бірегей географиялық артықшылығымызды пайдаланып, жаһандық нарықтарды ұштастыруымыз керек. Осылайша, аймағымызды ірі көлік-логистикалық хабқа айналдырамыз. Әлемде жаңа экономикалық география қалыптасып, сауда ағындары ұлғая түскен қазіргі жағдайда бұл бағыт стратегиялық маңызға ие болады. Бүгінде Еуропа мен Азия арасындағы құрлықтық транзиттік тасымалдың 80 пайызы Қазақстан арқылы өтеді. Біз Транскаспий көлік бағытын,

«Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін одан әрі дамытуға, сондай-ақ «Қазақстан – Түрікменстан – Иран» теміржолының мүмкіндіктерін толық пайдалануға айрықша мән береміз. Қазақстан «Достық – Мойынты», «Бақты – Аяғөз», «Дарбаза – Мақтаарал» теміржол жобаларын тезірек іске асыруды көздейді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы елдеріміздің транзиттік әлеуетін нығайту үшін қазіргі қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғыртып, әкімшілік рәсімдерді қысқарту және интеграцияланған логистикалық, соның ішінде цифрлық шешімдерді енгізу шараларының маңызды екеніне арнайы тоқталды. Президент ТМД-ға мүше мемлекеттердің ауамағы арқылы өтетін күре жолдарды өзара ұштастыру тұжырымдамасын әзірлеуді ұсынды. Оның пікірінше, бұл құжат Еуразия кеңістігіндегі Достастық елдерінің мүдделерін ескеретін жаңа транзиттік-логистикалық кодқа айналады. Қасым-Жомарт

Тоқаев азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін келесі басымдық ретінде атап өтті.

«Анағұрлым өнімді әрі экологиялық таза ауыл шаруашылығын дамыту үшін өзара ықпалдастықты күшейткеніміз жөн. Озық тәжірибемен бөлісіп, өндіріс пен өткізілетін өнім арасындағы тізбекті жолға қою, сондай-ақ фитосанитарлық және ветеринарлық талаптарды оңтайландыру үшін қолайлы жағдай жасау қажет» деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, климаттың жаһандық деңгейде өзгеруі елдеріміздің орнықты дамуына айтарлықтай қауіп төндірді. «ТМД-ға мүше бірқатар мемлекеттің аумағында қазіргі экологиялық ахуал нашарлап, шөлге айналу және су қорының сарқылу жағдайында бұл проблеманы елеусіз қалдыруға болмайды. БҰҰ бағалауына сәйкес 2050 жылға қарай климаттағы өзгеріс салдарынан бес миллиардтан астам адам су тапшылығына ұшырауы мүмкін. Қазірдің өзінде Орталық Азия

елдері Жер шарындағы орташа температураның көтерілуіне байланысты күрделі проблемаларға тап болып отыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент еліміздің аталған саладағы маңызды жобалары туралы мәлімет берді. Мемлекет басшысы күш-жігер жұмылдырмай, Еуразия кеңістігіндегі экологиялық катаклизмдердің салдарын еңсеру мүмкін емес екенін атап өтті. Сондай-ақ ТМД аясында осы бағыттағы конструктивті қарым-қатынасты нығайту аса маңызды деп санайды. Бұдан бөлек, мәдени-гуманитарлық ықпалдастық мәселесіне айрықша мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев ТМД-ға мүше елдер арасындағы көпжақты ықпалдастықта орыс тілі ерекше рөл атқаратынына тоқталды.

– Биыл ТМД-да «Орыс тілі жылы» деп жариялануының символдық мәні бар. Сонымен қатар біз бүгін Орыс тіліне қатысты халықаралық ұйым құру туралы Шарт пен Жарғыға қол

қою жөнінде тарихи шешім қабылдаймыз. Бұл ұйым дербес халықаралық құрылымға айналады, құқық субъектісі ретінде танылады. Жаңа ұйым барлық ел үшін ашық болады. Әрине, бұл – жаһандық гуманитарлық ынтымақтастық тұрғысынан өте өзекті. ТМД кеңістігінде және одан әлдеқайда кеңірек халықаралық ауқымда орыс тілін насихаттау үшін қабылданып жатқан шаралар елдеріміздің ұлттық бірегейлігін нығайту үрдісіне кері әсер етпейді. Қазақстан қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін күшейту саясатын жалғастыра береді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Достастық елдерінің волонтерлер бірлестіктерінің күш-жігерін жұмылдыру маңызды екеніне назар аударды. «2024 жылды ТМД-да Волонтерлік қозғалысы жылы деп жариялау бастамасын құптаймыз. Қазақстан 2020 жылды Волонтер жылы ретінде атап өтті. Еріктілердің ізгі амалдары қоғамымызда тілеулістік, мейірімділік және жанашырлық қасиеттерінің терең тамыр жаюына елеулі үлес қосады. Мұндай адамгершілік талпыныстарға жан-жақты қолдау көрсету маңызды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент Достастық елдері еріктілерінің жыл сайынғы форумын өткізуді және оған ТМД-ның тұрақты алаңы мәртебесін беруді ұсынды. Мемлекет басшысы сөзінің соңында 2024 жылы Ресей Федерациясының ТМД-ға төрағалық етуі және кезекті саммитті келесі жылы күзде Мәскеуде өткізу туралы шешімді қолдады. Сондай-ақ Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевті ТМД-ның Құрмет белгісімен марапаттау туралы Қырғызстанның бастамасын құптады.

Роботты техника аймағында Мемлекет басшысы көптеген жарыстарда жеңімпаз атанған роботты техникадан Қазақстан құрамасының мүшелерімен әңгімелесті және Ustem Foundation, Alem School, MakerSpace жобаларымен танысты. Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин Президентке жекелеген екінші деңгейлі банктер мен компаниялар өздерінің платформалары арқылы азаматтардың мемлекеттік қызметтерге қол жеткізуіне мүмкіндік жасап отырғанын баяндады. Мемлекет басшысына денсаулық сақтау саласын цифрландыру жұмыстары, соның ішінде Денсаулық сақтау министрлігінің «QR арқылы дәрігердің қабылдауына жазылуды растау» (eGov mobile қосымшасындағы еДенсаулық) жобасы таныстырылды.

Сонымен қатар Президентке Astana Hub жобалары, Google for Startups, Draper University, Tech Orda, Silkroad innovation hub, өңірлік IT Hub бағдарламаларының жүзеге асырылу барысы жөнінде мәлімет берілді. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ жасанды интеллект негізінде кеңес беріп, мемлекеттік қызмет түрлерін көрсететін «AiGov» чат-боты жобасын көрсетті.

Мұнан соң Қасым-Жомарт Тоқаевқа «QazaqGaz» ұлттық компаниясының цифрлық шешімдері және «ҚазМұнайГаз» АҚ-тың көлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ көлік пен арнайы техника жұмысына ашық мониторинг жүргізуге арналған «Сапарларды басқару» жобасы туралы айтылды. Мемлекет басшысы көрмеге қатысушыларға өздерінің цифрлық жобаларын табысты жүзеге асыруына тілектестік білдірді. Президент еліміздегі цифрландыру үрдісі тек бір саланы ғана жетілдіруге емес, сонымен қатар жалпы экономикамыз бен қоғам өмірінде елеулі өзгерістер жасауға бағытталғанын атап өтті.

\*\*\*

Мемлекет басшысы Draper Fisher Jurvetson компаниясының тең құрыл-

## КӨРМЕНІ АРАЛАП, ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев дәстүрлі Digital Bridge халықаралық технологиялық форумы аясында ұйымдастырылған роботты техника, Social Tech, Creative Economy, AI, FinTech, Industry 4.0, GovTech тақырыптық көрме аймақтарын, сондай-ақ Kaspi.kz, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, Astana Hub, Freedom Bank, MyCar және тағы да басқа ұйымдардың көрме стендтерін аралап көрді.



тайшысы және Дрейпер Университетінің негізін қалаушы Тим Дрейпермен кездесті. Президент Digital Bridge халықаралық форумына белсенді қатысқаны және мазмұнды баяндама жасағаны үшін Тим Дрейперге алғыс айтты. Мемлекет басшысы танымал Meet the Drapers реалити-шоуының бір эпизодын Қазақстанда түсіру туралы бастаманы құптады. Кездесу барысында венчурлық капитал мен стартаптар индустриясын дамыту мәселелері,

сондай-ақ алдағы жоспарлар мен ынтымақтастықтың перспективті бағыттары талқыланды.

Тим Дрейпер өз компаниясының венчурлық капиталды дамытуда бай тәжірибесі бар екенін атап өтті. Сондай-ақ Draper Fisher Jurvetson компаниясы Орталық Азия өңіріне, атап айтқанда, Қазақстан нарығына зор қызығушылық танытып отырғанын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев венчурлық капитал нарығын құру үшін Қазақстанда берік институционалды,

құқықтық және қаржылық негіз қаланып жатқанына назар аударды. Еліміз Draper Fisher Jurvetson секілді халықаралық венчурлық қорлардың Қазақстан нарығына келуіне кең жол ашады.

\*\*\*

Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Bridge халықаралық форумы аясында TikTok компаниясының бас директоры Шоу Чунмен кездесу өткізді. Президент елімізде TikTok платформасының танымалдылығы артып келе жатқанын атап

өтті. Қазір оған 10 миллионнан астам қазақстандық тіркелген. Бейнеконтент жасауға және қарауға арналған әлемге танымал сервис алғашқылардың бірі болып қосымша интерфейсін қазақ тіліне аударды. Сондай-ақ кибербуллингтің алдын алу мәселелері бойынша үкілін тағайындады.

Өз кезегінде Шоу Чу Astana Hub халықаралық технопаркпен бірлесіп, TikTok StartUp Academy жобасын – қазақстандық стартаптарға арналған эксклюзивті білім беру бағдарламасын жүзеге асырып жатқаны туралы баяндады. Бұдан бөлек, серіктестік аясында TikTok StartUp Valley байқауы өткізілді. Нәтижесінде 200-ден астам стартап өз өнімдерін TikTok арқылы жарнамау әдістерін үйрету курсынан өтті. Кездесу барысында креативті индустрия саласындағы ынтымақтастық, жасанды интеллект бойынша зерттеу жүргізу, электронды сауданы дамыту, сондай-ақ TikTok платформасы арқылы Қазақстанның мәдениеті мен туристік мүмкіндіктерін жаһандық деңгейде насихаттау мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы SpaceX компаниясының Starlink мәселелері жөніндегі вице-президенті Лорен Дрейермен кездесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Лорен Дрейермен кездесуде SpaceX ғарыш телекоммуникациясы саласындағы әлемдік көшбасшы компаниялардың бірі екенін атап өтті. Президенттің айтуынша, SpaceX компаниясының әзірлемелері жоғары технологиялардың дамуын ынталандыру үшін сұранысқа ие стратегиялық құралға айналды. Қазақстан SpaceX корпорациясын өзара тиімді ынтымақтастық орнату үшін сенімді серіктес ретінде қарастырады. Өз кезегінде Лорен Дрейер StarLink компаниясының Қазақстандағы қызметін кеңейту жөніндегі жоспары, атап айтқанда, еліміздің шалғай ауылдарын спутниктік интернетпен қамтамасыз ету жобасы туралы айтты.

Дайындаған Төлен ТІЛЕУБАЙ



«Жасанды интеллект бұдан былай ғылыми фантастика емес, өмірдің ақиқатына айналды. Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллектті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор. Ол адамзаттың тұрмыс-салтын мүлдем басқа арнаға бұрып, жұмыс процестерін автоматтандырады және ауқымды экономикалық құндылық қалыптастыра алады. Кейбір сарапшылардың бағалауынша, жасанды интеллектің жаһандық экономикаға қосатын елеулі үлесі – дүниежүзілік ЖІӨ-нің төрттен бір бөлігіне парапар. Аталған технологияның кең қолданысқа ие болуы Қазақстанның қарқынды дамуында маңызды рөл атқара алады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, қысқа мерзім ішінде жасанды интеллектті дамыту үшін барлық жағдайды жасау қажет. Мемлекет басшысы форум қатысушыларына бұл бағыттағы жұмыстың негізгі басымдықтарын атап өтті.

«Жасанды интеллектті қолдану аясын және оны дамытудың міндеттері мен құралдарын айқындайтын стратегиялық құжат қабылдау керек. Бұл – халықаралық озық тәжірибе. Мұндай қадам елімізді технологиялық тұрғыда дамытудың орнықты бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Ең алдымен, жасанды интеллект технологиясын экономикамыздың мұнай-газ секторы, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика секілді маңызды салаларына енгізуге мән беруіміз қажет деп санаймын. Жасанды интеллект қалаларымызды өмір сүруге және жұмыс істеуге қолайлы әрі толыққанды ақылды қалаға (smart city) айналдыру процесін айтарлықтай дәрежеде оңтайландыра алады. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланудың да маңызы зор. Бұл орайда біз елеулі нәтижеге қол жеткіздік. Атап айтқанда, азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатының деңгейін анықтауға және оларға персональді мемлекеттік қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін «Отбасының цифрлық картасы» іске қосылды. Мұндай өнімді «Бәйтерек» холдингі базасында бизнес үшін де енгізу керек. Менің тапсырмам бойынша бұл бағытта ауқымды цифрлық трансформациялау жұмыстары басталып кетті» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жасанды интеллектті нормативтік тұрғыда реттеу қажеттігін екінші басымдық ретінде атады. Оның айтуынша, бүгінде 120-дан астам ел бұл мәселені шешу үшін әртүрлі заңнамалық акті қабылдаған. «Біз озық әлемдік тәжірибеге сай келетін, нарықтың қажеттілігі мен азаматтардың мүддесін ескеретін, құқықтық тұрғыдан реттейтін заманауи база әзірлеу ісін жеделдетуіміз керек. Құқықтық шарттар халықаралық компаниялардың біздің нарыққа келуін ынталандыруы қажет. Ол үшін мүдделер тепе-теңдігін сақтап, ашық және әділ «ойын ережелерін» қалыптастырған жөн. Жалпы, жасанды интеллект құралдарын адамдардың күнделікті өміріне кіріктіру оңай міндет емес. Бұл ретте олардың құқықтары мен бостандықтары бұзылмауы тиіс. Форумға қатысушылар осы саланы реттейтін негізгі құжаттарды, соның ішінде Цифрлық кодекс жобасын әзірлеуге үлес қоса алады деп үміттенемін» деді Президент.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев цифрлық инфрақұрылымды дәйекті түрде дамыту маңызды екеніне назар аударды. Мемлекет басшысы озық IT-инфрақұрылым цифрлық индустриядағы келешек прогреске, атап айтқанда, жасанды интеллекттің дамуына негіз қалайды деп санайды. «Инфрақұрылымды дамытқан кезде IT-өнім әзірлеушілердің қажеттілігі әрдайым алдына ала ескерілуі тиіс. Ең алдымен, біз есептеуіш орталықтардың қуатын арттыруымыз қажет. Үкіметке екі жыл ішінде жасанды интеллекті маманданған дата-орталықтардың құрылысын жүргізуді тапсырамын. Бұл іске Amazon, Google, Mastercard және Citigroup сияқты әлемге таны-



## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ӨМІРДІҢ АҚИҚАТЫНА АЙНАЛДЫ

Мемлекет басшысы Астанада өткен Digital Bridge 2023 халықаралық форумына қатысты. Қазақстан Президенті бұл форумның кейінгі бес жылда IT индустриясының соңғы үрдістері мен даму перспективаларын талқылауға арналған Орталық Азиядағы ең ірі алаңға айналғанын атап өтті. Биыл Digital Bridge форумына 20 мыңнан астам адам жиналды. Оның ішінде 300-ден астам IT компанияның өкілдері және 30 елден келген делегация бар. Әдеттегідей Форумға қызығушылық жоғары. Бұл Қазақстанның Еуразия кеңістігінде жетекші әрі маңызды цифрлық және қаржылық технология хабы екенін тағы да нақтылай түседі. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінгі шараның тақырыбы – өте өзекті.

мал компанияларды тартуға болады. Жақында Нью-Йорк қаласына жасаған сапарымда аталған компаниялардың басшыларымен кездестім. Тиісті уағдаластықтарға қол жеткіздік» деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті жасанды интеллектіге арналған деректер экожүйесін дамытуға шақырды. Жасанды интеллектің «қорегі», қозғаушы күші – үлкен деректер қоры. «Қазақстанда осы салада түрлі шешімдер жүзеге асырылды. Алайда мемлекеттік органдарда жинақталған ұшы-қиырсыз деректер қорына қолжетімділік шектеулі болуына байланысты оның әлеуеті әлі толық пайдаланылмай отыр. Бұл жерде ақпараттың «ашықтық презумпциясын» басшылыққа алу керек. Smart Data Ukmet арқылы анонимді деректерге еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет. Мен бұл жерде барлық ақпараттың анонимді болғаны әрі сенімді қорғалғаны жөн екенін айтып отырмын. Жеке деректердің таралып кетуіне қатысты барлық қауіпті жою керек. Сонымен қатар келесі жылы

Ұлттық жасанды интеллект платформасын іске қосқан дұрыс. Бұл бастама мемлекет пен ірі бизнес деректерін біріктіріп, олардың өзектілігі мен қолжетімдігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл шаралардың бәрі жасанды интеллект элементтерін пайдаланатын стартаптарымыздың Қазақстанда және әлемде суранысқа ие, мүлде жаңа IT шешімдер жасауына мүмкіндік береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Ұлттық статистика бюросын нағыз цифрлық ведомствоға айналдыратын маңызды реформаны жүзеге асыру керек екенін айтты. «Статистикалық және басқа да деректерді ретке келтіру үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Оның ішінде басқару саясатын әзірлеу, деректердің мақсатты архитектурасын анықтау мәселесін назардан тыс қалдырмаған жөн. Бұл мемлекеттің тиімді шешімдер қабылдауының негізгі шарты болады» деді Қазақстан Президенті.

Сонымен қатар 5G желісін кең көлемде енгізу инновацияның дамуына тың серпін береді. «2027 жылға

дейін барлық облыс орталықтарын ұялы байланыстың жаңа буынымен қамту міндеті бұған дейін жүктелген болатын. Алайда технологияның қарыштап даму жағдайында біз де қарқынды арттыруымыз керек. Үкімет бұл жұмысты мерзімінен бұрын, яғни 2025 жылдың соңына дейін аяқтауы қажет. Әрине, мерзімнің өзгеруі көрсетілетін қызметтердің сапасына әсер етпеуге тиіс. Бұдан бөлек, төменгі орбитадағы спутниктік жүйелердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шалғай аудан тұрғындарын интернетпен қамтамасыз ету маңызды. Үкімет бұл мәселені жан-жақты пысықтауы керек. Қажет болған жағдайда заңнамаға өзгерістер енгізуге болады» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру жүйесін еңбек нарығының келешектегі суранысына бейімдеу қажеттігін келесі басымдық ретінде атап өтті. Президент автоматтандыру және жасанды интеллекттің одан әрі дамуы жаһандағы еңбек нарығын түбегейлі өзгертеді деп санайды. Адам еңбегі трансформацияға ұшырап, мүлдем жаңа кәсіби дағдыларға сураныс пайда

және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар орталығы кіреді. Осы ретте Институт әзірлемелерін тиісті деңгейде коммерцияландыру және кеңейту маңызды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен бірге Президент инновацияның және технологиялық прогрестің ең маңызды қозғаушы күші ретінде венчурлық капитал нарығын дамыту керек екенін атап өтті. «Венчурлық капитал нарығына халықаралық ойыншыларды тартудың маңызы зор. Бізге олардың бұл саладағы құзыреті мен жобаларға жүргізетін сапалы сараптамасы керек. «Бәйтерек» ұлттық холдингі секілді отандық институттық инвесторлар негізгі серіктес бола алады. Бұған қоса түрлі қаржылық институттардың, атап айтқанда, екінші деңгейлі банктердің, сақтандыру компанияларының, микроқаржы ұйымдары мен нарықтағы басқа да ойыншылардың венчурлық қорға қатысуына жағдай жасайтын тетіктер мен құралдарды әзірлеу қажет» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, қазір жасанды интеллект өте қарқынды дамып жатыр. Соның арқасында инклюзивті және тұрақты дамуға арналған тың мүмкіндіктер пайда болуда. Бұл салада жаһандық бәсеке өте жоғары. «Қазақстан осы үрдістен тыс қалмауы керек. Бұл – заман талабы. Сондықтан біз қазір озық технологияны дамытуға айрықша назар аударып отырмыз. Қазіргі міндет – еліміздегі IT-мамандардың, сарапшылардың, ғалымдардың басын қосып, олардың күш-жігерін тиімді пайдалану. Сондай-ақ халықаралық серіктестердің зор мүмкіндіктерін еліміздің қадесіне жарату. Сонымен қатар тағы бір маңызды мәселеге назар аударған жөн. Бүгінде адамның ақыл-ойынан машина, яғни технология үстем болатын заман орнында. Басқаша айтқанда, жасанды интеллект технологиясы адамзатқа қауіп-қатер төндіруі мүмкін. Мұның арты неге әкеп соқтыратыны белгісіз. Ғалымдар арасында бұған заманың ортақ пайым жоқ. Яғни, жасанды интеллект адамзатқа игілік әкеле ме, әлде құрдымға кетіре ме деген сұрақ әлі де өзекті болып тұр. Сондықтан осы мәселеге саналы түрде қарап, жасанды интеллекттің дамуын жіті назарда ұстау – аса маңызды міндет. Мысалы, кезінде атом энергетикасымен қатар атом қаруы пайда болды. Сол кезде жаһандық қауіпсіздікті сақтау үшін жаңа қағидаттар қалыптасты. Бұл – технологиялық даму заманында ұжымдық қауіпсіздік мәселесі бақылауда болуы керек деген сөз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті қазір елімізде саяси жүйе түбегейлі жаңғыртылып жатқанын, білім мен жаңа технологияны негізге алатын экономика құру ісі басталғанын айтты. «Әділетті Қазақстанда әр азаматтың жан-жақты дамуына мүмкіндік болады. Сондай-ақ халықтың әл-ауқатын жақсартуға баса мән береміз. Біз цифрлық номадтардың, яғни мықты IT-мамандардың Қазақстанға келіп, жұмыс істеуіне барынша қолайлы жағдай жасаймыз. Инновациялық кәсіпкерлікті және креативті индустрияны дамытамыз. Жалпы, жаһандық технологиялық революция барлық елдің өркендеуіне, адамдардың дамыған және әділетті әлемде өмір сүруіне септігін тигізуге керек. Бүгінгі жиында осыған қатысты өзекті мәселелер қаралады деп сенемін» деп қорытындылады сөзін Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар форумның пленарлық отырысында венчурлық инвестор, Draper Fisher Jurvetson компаниясының тең құрылтайшысы, Дрейпер университетінің негізін қалаушы Тим Дрейпер, TikTok-тың бас директоры Чжоу Шоуцзы, Digital Nomads қоғамдастығының негізін қалаушы Әсет Әбдуәлиев, ICPC қорының атқарушы директоры Уильям Паучер, SpaceX компаниясының Starlink мәселелері жөніндегі вице-президенті Лорен Дрейер, «Arbuz», «Aviata», «PINEMELON USA» және «Ticketon» онлайн-сервистерінің негізін қалаушы Алексей Ли сөз сөйледі. Жиынға жазушы, продюсер, Barrat Media компаниясының директоры Джеймс Баррат модераторлық етті.





№122 (4555) 14/10/2023 Сенбі



## БИЛІК ПЕН ҚОҒАМ – СЕРІКТЕС

Бүгінде елордада 3492 үкіметтік емес ұйым тіркелген. Оның мыңға жуығы белсенді жұмыс істейді. Бұл соңғы жылдары азаматтық қоғам институттарының белсенділігі 3 есеге артқандығын көрсетеді.

Кешегі форум мемлекет-бизнес-азаматтық қоғамның қатысуымен маңызды ұсыныстар мен тың ойлар айтылатын ауқымды интерактивті диалог алаңына айналды. Биылғы форум тақырыбы «Құқықтық мемлекет құру үшін билік пен қоғамның серіктестігі» деп аталды.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Астана қалалық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Астана қаласы ҰЕҰ Альянсы» ЗТБ және «КАМЕДА» ҚБ

ынша қоғамның барлық секторлары арасындағы сындарлы диалогқа жәрдемдесу, азаматтық бастамаларды, ҰЕҰ, бизнес-компаниялар мен халықаралық ұйымдардың қызметін іске асырудың түрлі тетіктерін енгізуді көтермелеу, табысты әлеуметтік модельдер мен



бірлесіп ұйымдастырған форумның азаматтық қоғам, мемлекеттік институттар мен кәсіпорындар үшін маңызы зор. Биылғы тақырыбына сай елордадағы әлеуметтік мәселелерді шешу және Астананың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қоғамның әртүрлі секторлары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға көңіл бөлінді. Форумның мақсаты – жергілікті қоғамдастықтардың өзекті әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған Азаматтық қоғам институттары мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы әлеуметтік әріптестікті нығайту. Сонымен қатар елорданы дамытудың маңызды мәселелері бой-

озық технологияларды танымал ету үшін жағдай жасау, азаматтардың жергілікті және ұлттық деңгейде озық тәжірибелермен, қиындықтармен және сабақтармен алмасуға қатысуына жәрдемдесу, елорда халқы арасында үкіметтік емес ұйымдардың қызметін насихаттау басты назарға алынды. Форумға еліміздегі және елордадағы үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік құрылымдар, халықаралық ұйымдар, саяси партиялар мен бизнес өкілдері қатысты.

– Биыл елордалық ҰЕҰ-мен бірге білім беру, салауатты өмір салтын сақтау, жастарды, балалар бастама-

лары мен әлеуметтік осал топтарды қолдау, отбасылық және тұрмыстық мәселелерді шешуге бағытталған 55 әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда қалада азаматтық бастамаларға қолдау көрсету және қиын жағдайдан шығуға көмектесуді көздейтін 15-тен астам көпфункционалды орталықтар жұмыс істейді. Астанадағы ҰЕҰ-дардың күн сайынғы үздіксіз жұмыстары мен сапалы іс-шараларының арқасында көптеген маңызды жобалар сәтті жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда Астана жастардың қаласына айналуға, елордада 79 мың студент шоғырланған. Олардың әлеуметтік бейімделуі, NEET жастардың деңгейін барынша төмендету – біздің алға қойған мақсаттарымыздың бірі. Жастарды қолдау мақсатында «JobTap», «Жасыл ел», «Jastar Jalyn», «Отбасы – бақыт мекені», «Жас сарбаз» және т.б. жобалары жүзеге асырылуда, сонымен қатар 35 жасқа дейінгі жастарға арналған жеңілдетілген тұрғын үй бағдарламасы, жұмыс істейтін жастарға арналған жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы, 2,5 пайыз жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы іске асырылып отыр. Алайда мұнымен тоқталып қалмай, әлемдік тәжірибеге сүйеніп отырып, жаңа жобалар бастау алуы қажет, – деді Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмұраев.

Ашылу салтанатында сонымен қатар «Орда» аутизмді бар балалар ата-аналарының бірлестігі жетекшісі Салтанат Есмағамбетова, «Жасылдық арифметикасы NS» ҚҚ жетекшісі Ұлжан Мырзагелдиева және басқа да мемлекеттік органдар мен ҰЕҰ басшылары сөз алып, бұрынғыдай емес, қазір халық үніне құлақ асатын мемлекет қағидатын ұстанған ризашылық білдірді.

Форум пленарлық бөлім мен 3 тақырыптық блокпен тұрды. Атап айтқанда, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет: серпіліс нүктелері», «Тұрақты ҰЕҰ – елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі» және «Әйелдер мен жастар. Әлем. Қауіпсіздік» деген сессия отырыстарында азаматтық қоғамды дамытудағы көптеген түйткілді мәселелер көтерілді. Сондай-ақ іс-шара барысында азаматтық сектор өкілдері әлеуметтік мәселелерді шешудегі өз тәжірибесімен бөлісті. Форум аясында елордалық қолөнершілердің жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

## ӘСКЕРДЕН КЕЛДІ САРБАЗДАР

Қонаев қаласындағы десантшылар бөлімінде әскери борышын өтеген 30-дан астам астаналық үйлеріне келді. Оларды Қорғаныс министрлігінің өкілдері мен Қарулы күштер ардагерлері, туған-туыстары салтанатты түрде қарсы алып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Десанттық-шабуылдау әскерлері қатарында жыл бойы темірдей тәртіп пен міндетін адал атқарған азаматтар жақындарымен сағынып қауышты.

– Өткен жылы мыңға жуық азаматты әскер қатарына жібергенбіз. Енді салтанатпен қарсы алып отырмыз. Ел алдындағы азаматтық борышын өтеу – маңызды міндет. Осыны терең түсінетін жастарға разымыз, – деді «Қарулы күштердің ардагерлері»

қоғамдық бірлестігінің өкілі Жұма Тайжанов.

2022 жылдың күзінде әскер қатарына астаналық 1040 адам шақырылса, биылғы жылдың күзінде 1092 астаналық әскер қатарына қосылады. Күзгі әскерге шақыру науқаны 1 қыркүйек пен 30 желтоқсан аралығында өтеді. Биылғы күзде республика бойынша 19 мыңнан аса сарбаз әскер қатарына шақырылды. Әрқайсысы Шекара, Ұлттық

Ұлан, Мемлекеттік күзет және Қарулы күштердің сарбазы атанады. Қонаев гарнизонында азаматтық міндетін абыроймен атқарған Алмас Мұратов:

– Әскери өмір маған көп нәрсені үйретті. Мен отбасыма бұрынғыдан да ұқыпты қарай бастадым, мен өз Отанымды бағалаймын және сүйемін, ерлер достығының қадірін білемін. Енді парашютпен аман-есен секіре аламын, – дейді Алмас.

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен Діндерді зерттеу орталығы елорданың теологтары мен дінтанушыларының басын қосып, семинар өткізді.

## ДІН – БІРЛІКТІҢ ДІҢГЕГІ



Басқосуға Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің басқарма басшысы Ерлан Есбергенов және ғалымдар, теологтар, дінтанушылар қатысты.

Діндерді зерттеу орталығының директоры Алмас Ерназаровтың сөзінше, дін саласы – өте күрделі әрі нәзік тақырып. Дін – бірліктің діңгегі, руханият тірегі. Сондықтан ұлтты біріктіруші құндылық ретінде насихаттау маңызды.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы 2021-2023 жылдарға

арналған мемлекеттік саясатын іске асырудың кешенді жоспарын іске асыру аясында мамандардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ діни-экстремистік және деструктивті сипаттағы түрлі идеологиялардың таралуын болдырмауды мақсат еткен семинарда қызу пікір-талас болып, қатысушылар ашық ойларын айтты.

Теологтар мен дінтанушылардың діни саладағы жұмысының ерекшелігі сөз болып, олардың қызметінде енгізіліп жатқан жаңа әдіс-тәсілдер талқыланды.

## ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУГЕ ҮНДЕЙДІ

Астанада тұрақты энергетика тақырыбына арналған мурал ашылды. Электр энергиясын үнемді пайдалануды үндейтін бірегей туынды №59 мектептің қабырғасына салынды.



Астанада ең алғашқы мурал 2017 жылы Сарыарқа ауданындағы тұрғын үйдің қабырғасына салынған-ды. Содан бері түрлі тақырыпта қаланың тұрғын үй кешендерінде мурал салынып келеді. Бұл жолғы тақырып ерекше. Өйткені Президент Жолдауында айтқандай, энергиялық қауіпсіздікті сақтау – басты қажеттілік.

Бұл мурал – Еуропа Одағының энергияны үнемдеу мен тиімділігін арттырудағы жетістіктері, сондай-ақ

жас ұрпақтың жасыл энергия туралы хабардарлығын арттыруға қосқан үлесі үшін мектепке берген сыйы.

– Муралда Астана мен энергия ұғымы үндесті. Қабырға суретінде күлімсіреп тұрған қыз бен ұл және Бәйтерек арқылы болашақта қаланың көрінісі бейнеленді. Фонда сары және көк түстер басым, бұл күн панельдері мен жел турбиналары болашақта энергия көзі және өмірдің ажырамас бөлігі болатынын білдіреді, – дейді мурал авторы Жұдидыз Серікова.

## АДАМ ӨЛТІРМЕК БОЛҒАНДАР ҰСТАЛДЫ

Астаналық полицейлер тапсырыспен кісі өлтірудің алдын алып, тапсырыс беруші мен кісі өлтіруге тапсырыс алған адамды ұстады.

Қылмысқа тапсырыс беруші жұмсалған мүлік үшін жауапкершілік алғысы келмей, одан жалтармақ болды. Жедел іс-шаралар жүргізу барысында күдіктілер Астана – Көкшетау тасжолында ұсталды. Тінту кезінде көліктің салонынан жауынгерлік тапанша мен 9 мм калибрлі 5 патрон табылды,

сонымен қатар тапсырыс берушінің үйінен тағы басқа осыған ұқсас 34 оқ-дәрі тәркіленді.

Ұсталғандар кінәсін мойындап, уақытша ұстау изоляторына қамалды. Қазір адам өлтіруге оқталу фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

«Астана-Энергия» АҚ 1-ЖЭО ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 28.11.2023 ж. сағат 10.00-де Астана қаласы, Отырар көшесі 5, Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты, Мәжіліс залы, сондай-ақ Zoom конференциясы арқылы (идентификатор: 832 0728 6022, қолжетімділік коды: 118976), «Астана-Энергия» АҚ 1-ЖЭО үшін рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтеді. Жобалық құжаттама пакетімен esortportal.kz порталында танысуға болады. Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірінші экологиялық порталда esortportal.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ эл. мекенжайы: uoosir@astana.kz. Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады.



РЕСПУБЛИКА МАҚТАНЫШЫ

## «ТМД-НЫҢ ҮШ ДҮРКІН ҮЗДІК СТУДЕНТІ»



Тәуелсіздік ұрпақтарының арасында білім-білігі, талант-талабымен тек жерлестерін ғана емес, шетелдіктерді де таңқалдырып, мойындатып жүрген жастар көп. Олар қоғамның түрлі саласында үлкен жетістіктерге жетіп, туған елінің даңғын шығаруда. Сондай білімді жастардың бірі, болашақ дәрігер Темірхан Баяхметов соңғы үш жыл қатарынан «ТМД-ның үздік студенті» жүлдесіне ие болды. Оның ғылым саласындағы жетістіктері халықаралық деңгейдегі конференциялар мен медициналық чемпионаттарда алған дипломдарынан, тиімді ғылыми жобаларынан жинақталған.



Райхан  
РАХМЕТОВА

Павлодарлық Темірхан қазіргі таңда Семей медицина университетінде 5-курста оқиды. Бүгін 14 қазанда 22 жасқа толған Темірханның медицинаға деген қызығушылығы балалық арманмен ұштасып жатыр. Соның арқасында ол 2018 жылы оқуға түспес бұрын «Кәсіби бойынша үздік» қалалық байқауында «Кіші мейіргер-массажист» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Келесі жылы жоғары оқу орнына «Жалпы медицина» мамандығы бойынша оқуға түсіп, өзін үнемі білімін жетілдіруден танбайтын, ізденімпаз шәкірт ретінде ғана көрсетті. Университет өміріндегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын кейіпкеріміз SCOPH комитеті басшылығымен өткен «Өмір соғысы» іс-шарасына, «Рухани жаңғыру» республикалық зияткерлік байқауына қатысқан. Үздіксіз ұмтылысының және кәсіби біліктілігін кеңейтуге деген талпынысының арқасында 2020 жылы Johns Hopkins University оқу орнының психология бойынша онлайн-курсына қатысып, «Coursera» халықаралық білім платформасындағы Novosibirsk State University текті басқару жөніндегі қысқа курсты оқып тәмамдады. Оқу орнындағы Жалпы білім беру тәртібі кафедрасындағы «Медицинадағы IT» ғылым студенттік үйірмесінің мүшесі.

Ғылымға әуестігін пандемия басталған жылы 2-курста оқып жүргенде университетте өткен «Студент және ғылым. Қоғамдық денсаулық сақтау, әлеуметтік-гуманитарлық ғылым және цифрлық медицина» атты жыл сайынғы конференцияда танытып, «Медицина нысандарының компьютерлік 3-D-визуализациясы» тақырыбында жасаған баяндамасы үшін бірінші орын алды. 2021 жылы халықаралық «Студенттік ғылым және денсаулық» ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысып, II дәрежелі дипломға ие болды. Сол жылы Халықаралық Студенттік ғылыми қоғам жұмыстары шеңберінде «Medical Soft Skills» IV Бүкілресейлік чемпионатына қатысып, 3-орын алады. Ғылым күніне арналған №64 ғылыми-тәжірибелік конференцияда «Excel визуализациясы көмегімен ауру тарихы көрсеткіштерін талдау» тақырыбында баяндама жасағаны үшін III дәрежелі дипломмен марапатталды. 2022 жылы Екатеринбургтегі Орал мемлекеттік медициналық университеті базасында

өткен «Заманауи медицина ғылымы мен денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері» конференциясына қатысып, I дәрежелі диплом иесі атанады. Былтыр сондай-ақ «Адам және Дәрі-Қазақстан» XV халықаралық конгресінен де қалмады. Өткен жылдағы үлкен жетістігі – Павлодар облыстық «Тәуелсіздік ұрпақтары» жүлдесінің «Білім және ғылым» аталымы бойынша лауреаты атануы.

– Бұл жүлдені жүректің 3D моделі жобасын жасағаным үшін алдым. Жүректің 3DМАХ үлгісін шетелде өткен конференцияда таныстырдым. Болашақта кардиохирург боламын деп, үшінші курста осы бағытты таңдадым. Білікті медицина маманына айнала отырып, туған елімнің медицинасын дамытуға, халықтың денсаулығын жақсартуға өз үлесімді қосқым келеді, – дейді Темірхан.

Биыл көктемде №65 «Ғылым және денсаулық» ғылыми-тәжірибелік конференциясында 2-орын жүлдесін иеленген ол мамыр айында Өзбекстанның Бұхара медицина университеті өткізген халықаралық конференцияда 1-орын алады. Студенттер алмасу бағдарламасы бойынша биыл



Биыл көктемде №65 «Ғылым және денсаулық» ғылыми-тәжірибелік конференциясында 2-орын жүлдесін иеленген ол мамыр айында Өзбекстанның Бұхара медицина университеті өткізген халықаралық конференцияда 1-орын алады. Студенттер алмасу бағдарламасы бойынша биыл ақпан-маусым айларында Ресейдегі Рязанов мемлекеттік университетінде оқудан өтеді

ақпан-маусым айларында Ресейдегі Рязанов мемлекеттік университетінде оқудан өтеді.

Ғылым мен білімнен бөлек бала кезден өнерге, спортқа, тарихқа да жақын болған Темірхан мектепте география, тарих және әдебиеттен қалалық, облыстық және республикалық олимпиадаларда жүлделі орындарды алған. 10 жасынан бастап самбо мен қазақ күресінен үйірмеге қатысып, турнирлерден жүлделі оралыпты. Жан-жақты жігіт спидкубингпен де айналысады, өлең шығаратын да өнері бар. Оның табыс қоржынында республикалық «Өнеге» байқауының «Мәнерлеп оқу» аталымынан алған I дәрежелі диплом жатыр. Осындай жан-жақтылығы және ең бастысы ғылымдағы ізденістері мен жетістіктері үшін білімді жас 2021, 2022 және 2023 жылдары үш жыл қатарынан «ТМД Үздік студенті» халықаралық байқауының жүлдесін алып, қазақ жастарының қарымды қабілетін әлемге паш етіп келеді.



Ербосын НҰРМҰХАНҰЛЫ,  
экономист, сарапшы:

## ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМЫТАМЫЗ ДЕСЕК...

– Мемлекет басшысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы Жолдауында «Мемлекет қаржылай қолдау жасаған кезде бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес өкілдеріне баса мән береді. Еңбекке төлеу қорын көбейткен және салық төлемдерін арттырған кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі. Бұл – негізгі талап» деп атап көрсетті.

Кез келген елдің ішкі нарығы сыртқа тәуелді болмаған кезде барып, оның дамуы мен экономикалық тұрақтылығы көтеріле бастайды. Дамыған елдердегі ішкі өндіріс, шағын және орта бизнес үлесі 80%-дан жоғары. Ел экономикасы дамуы үшін шағын және орта бизнес үлесі 50 пайыздан асуы керек. Бірақ біз бұл көрсеткішке әлі жете алмай келеміз.

Бұл арадағы шағын бизнес дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда, отбасылық өндірісті меңзейді. Яғни

үлкен пайда әкелмесе де, ай сайын сол отбасын асырауға жететін бизнес. Бізде әзірге бұл саладағы көрсеткіш төмен. Дегенмен, өсім жоқ деуге тағы да болмайды. Елімізде шағын бизнесті жасап отырған жастардың саны басым. Оның дені, негізінен, аяқ киім, зергерлік, қолөнер мен ауылшаруашылық өндірістерін мәнерлеу саласына қатысты болып отыр.

ШОБ-ты қолдаудың қатып қалған қағидасы жоқ. Бірақ әлемде ШОБ-ты қолдауда біртұтас қалыптасқан бағыт-бағдары бар. Ал басқа қолдау шаралары осының аясында әр мемлекет өзінің ерекшелігіне қарай әртүрлі форматта жүзеге асырады. Атап айтқанда, әлемде дамыған елдерде ШОБ-ты қолдаудың бірнеше маңызды аспектісі бар.

Бірінші, ШОБ дамуын қолдайтын базалық жүйені жетілдіру. Базалық жүйе, негізінен, ШОБ-тың құқықтық, адал бәсекелестік, статистикалық

бақылау және мәлімет беру, сондай-ақ сенімділік жүйесін жетілдіруді қамтиды. Екінші, ШОБ-ты қаржыландыру жүйесін жетілдіру. Бұл ақшалай несие беру механизмін оңтайландыруды, шағын және микро кәсіпорындарға көп деңгейлі қаржылық қызмет көрсету жүйесін жетілдіруді, шағын және орта кәсіпкерліктің қаржылық дифференциациясы мен ынталандыру механизмін күшейтуді қамтиды. Үшінші, ШОБ-тың қаржылық және салықтық қолдау жүйесін жетілдіру. Бұл қаржылық қолдаудың нақты, дәл және ең тиімді жүйесін жетілдіруді, шағын және орта кәсіпкерліктің салық ауыртпалығын жеңілдетудің ұзақ мерзімді механизмін құруды қамтиды. Төртінші, мемлекеттік сатып алу арқылы ШОБ-ты қолдау механизмін күшейту. Біз осы әдістерге мән беріп, ШОБ-ты қолдаудың еліміздің жағдайына сәйкес келетін тиімді жолдарын таба білмесек, ШОБ-ті қолдау да бос сөзге айналады.



Талшын УТЕУОВА,  
«Астана су сервис» ПИК төрағасы:

## БЕРЕКЕЛІ БІРЛІКKE БАСТАЙДЫ

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында ұлт әлеуетін арттыру мәселесіне ерекше тоқталды.

Жолдаудың басым бағыты экономикаға бағытталғанымен, барлық экономикалық іс-шаралардың нәтижесі халықтың жағдайына тікелей әсер етуі тиіс. «Еліміздің басты құндылығы – адам» деді Президент биылғы Жолдауында. Осыған орай мен жетекшілік ететін «Астана су сервис» ПИК-і тұрғындардың сапалы өмір сүруіне барынша мән беріп келеді. Қазір кез келген адам пәтерінде жарықтың сөнбеуін, судың тәулік бойы тоқтаусыз ағып тұруын, үй маңының қоқыстан арылып, ғимараттың қасбеті мен айналасының санитарлық нормаларға сәйкес болуын, аумақтың заман талабына сай кеғалдандырылуын, тіпті балаларының алысқа

бармай-ақ есік алдында алаңсыз ойнағанын қалайды. Бұл ретте біз елордалықтардың жайлы әрі қауіпсіз ортада өмір сүруіне қолдан келгенше жағдай жасаудамыз.

Біздің ПИК бүгінгі таңда 488 пәтерден тұратын сегіз үйге қызмет көрсетеді. 2020 жылы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы бойынша кіреберісті жөндеу жүргізіліп, 2021 жылы шатыр жабыны жөнделді. Тұрғын үйлерде насостар ауыстырылып, жылу алмастырғыш жуылды. Аумақты кеғалдандыру мақсатында өзімізге қарасты үйлердің маңына 35 шырша, 10 қайың, 15 қара ағаш отырғызылды. Жыл сайын 400-ге жуық түп гүл егеміз. Аудан әкімдігінің көмегімен балалар алаңы абаттандырып, асфальт төселді. Жалпы, бізде туындаған күрделі мәселе жоқтың қасы. Бұл, әрине, жұмысты дұрыс үйлестірудің нәтижесі болса керек.

Қазақстан Президенті «Әділет-

ті Қазақстан» мен «Адал азамат» сияқты ұғымдардың қоғамымызда басымдық танытуы тиіс екенін атай келіп, әртүрлі деңгейдегі басшы мамандардың жеке жауапкершіліктерін арттыруды тапсырған болатын. Бұл ретте Мемлекет басшысының пікірін толықтай құптаймын. Президенттің ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдағаны және осы шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер ететіні қуантады.

Әр отбасы үшін бала күтіміндегі демалыстың нәресте бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартылуы да көңілден шыққаны шындық. Әрине, кез келген ата-ана сәбиінің жанында көбірек болуы керек. Сондай-ақ Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынуы да барша қазақстандықтар үшін жағымды жаңалық болды. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар көмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басуына мүмкіндік береді. Осыншама игіліктің бәрі еліміздің азаматтары үшін жасалып жатқаны көңілімізді көтеріп-ақ тастады.

Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік екенін ескерген Мемлекет басшысы халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән бергенін, оны бәрінен биік қойғанын және дәл осы кезде бір жағадан бас, бір жеңден қол шығара білуіміз керек екенін баса айтты. Бұл бастамалар еліміздің болашағын айқындайды. Сондықтан, қазіргі кезде ұлт мүддесі үшін ұйысып, бірігуге тиіспіз. Ертеңімізге алаңдаған ел президентінің жаңа бастамаларына қолдау білдіріп, жүктеген міндеттерге жауапкершілікпен қарап және оның орындалуына бірлесіп атсалысайық.



ET, СУТ, АСТЫҚ ӨНІМДЕРІН ТЕРЕҢ ӨңДЕУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ЖЫЛЫЖАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ ТУРАТЫН СЕГІЗ ҮЙГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ. 2020 ЖЫЛЫ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖАҢҒЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КІРЕБЕРІСТІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛІП, 2021 ЖЫЛЫ ШАТЫР ЖАБЫНЫ ЖӨНДЕЛДІ. ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДЕ НАСОСТАР АУЫСТЫРЫЛЫП, ЖЫЛУ АЛМАСТЫРҒЫШ ЖУылды. Аумақты кеғалдандыру мақсатында өзімізге қарасты үйлердің маңына 35 шырша, 10 қайың, 15 қара ағаш отырғызылды. Жыл сайын 400-ге жуық түп гүл егеміз. Аудан әкімдігінің көмегімен балалар алаңы абаттандырып, асфальт төселді. Жалпы, бізде туындаған күрделі мәселе жоқтың қасы. Бұл, әрине, жұмысты дұрыс үйлестірудің нәтижесі болса керек.

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ





№122 (4555) 14/10/2023 Сенбі

**А**талған тұрғын алап бұл күнде «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында даму үстінде екен.

Бүгінде Көктал тұрғын алабының жалпы аумағы – 3 500 гектар. Тұрғындар саны 69 мыңнан асады. Екі елді мекеннің арасын әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиев даңғылы бөліп жатыр. Біз алдымен Көктал-1-ге бұрылып, әлеуметтік нысандарға қарай бет алдық. Жол бойынан қолында жетектеген немересі бар әжені байқап, әңгімеге тарттық. Қала тұрғынының есімі – Айжамал Ескенбай. Оның сөзінше, қазіргі Көктал бұрынғыға қарағанда әлдеқайда дамып, өмір сүруге қолайлы мекенге айналды.

– 2000 жылдардың басында көшіп келгенде Көкталдан үй алғанбыз. Ол кезде бұл маңда жол жаман болған. Жаңбыр жауса, аяқ киімнен түк қалмайтын. Балалар мектепке бару үшін аялдамаға дейін су етік киіп баратын еді. Осылай балаларды оқыттық қой. Қазір шүкір, жол да, жарық та бар. Автобустар да көбейді. Бұрынғыдай сағаттап автобус күтпейміз. Өз мектебіміз бен балабақшамыз бар. Қазір немеремді мектепке апар жатырмын. Қала ортасына қарағанда тыныш, өмір сүруге өте қолайлы, – дейді Айжамал апа.

Әрі қарай елді мекен туралы толық ақпарат білу үшін Сарыарқа ауданы әкімдігіне күні кеше тағайындалған бұған дейін аудан әкімдігінің бас инспекторы болған Ержан Жұмағұловпен кездестік. Ол бізге Көктал елді мекені жайлы егжей-тегжейлі ақпарат берді.

– Көктал Сарыарқа ауданындағы ең тарихи тұрғын алап екені баршаға белгілі. Өздеріңіз білетіндей, ол бұрын Киров деп аталған. Қазір бұл елді мекенде инфрақұрылымдық барлық жағдай жасалды. Атап айтқанда, ауыз су, жарықтандыру, жылу, газ, кәріз жүйесі және жол бар. Дегенмен, Көктал-1-де әлі де асфальт жоқ көшелер бар. Бірақ, алдағы 1-2 жылда бұл мәселе толық шешіледі. Ал Көктал-2-де барлығы 43 көше бар. Онда барлық жолдар толық жөндеуден өткен. Сондай-ақ тұрғындар өтініші бойынша жаяу жүргінші жолын жасау және абаттандыру жұмыстары жүргізіліп отырады. Көкталға газ 2020 жылы келді. Сол уақыттан бері тұрғындардың көбі үйіне газ тартып алды. Мемлекет тек жеке сектордың ауласына дейін ғана газ құбырын жүргізді, әрі қарай үй іесі қалауы мен қаржылық мүмкіндігіне қарай үйіне көгілдір отынды кіргізіп алады, – деді бұрынғы бас инспектор.

Оның сөзінше, жалпы Сарыарқа ауданы бойынша 4384 үй газдандырылған. Бүгінгі таңда қосымша 18 үйде монтаждау жұмысы жалғасып жатыр. Сонымен қатар 4862 тұрғын үй техникалық тексерістен өтіп, әрі қарай газ тарту жоспарлануда.

Сарыарқа ауданында 3 тұрғын алабы бар. Көктал-1, Көктал-2 және Агроқалашық. Газдандыру жұмысы осы үш тұрғын алапта жүргізілді. 17 әлеуметтік нысан



## КӨКТАЛ ҚАЛАЙ ДАМЫП ЖАТЫР?

Астананың шет жағында қоныс тепкен тұрғын алаптарында ауыз су мен жылу және сапалы жолмен қамтамасыз ету мәселелері әлі де өзектілігін жойған жоқ. Дегенмен осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар нәтижесінде бүгінде олар қала орталығынан кем түспейтін жағдайға жетіп қалған. Бұл сөзімізге Көктал және Көктал-2 тұрғын алаптарының бүгінгі тіршілігі дәлел болмақ.

газға қосылды. Қазіргі таңда тұрғындардың 85 пайызы газға қол жеткізіп отыр. Былтыр Halyk bank демеушілігімен қалада 100 үйге тегін газ тартылды. Осы игі бастама аясында біздің аудандағы 68 үйге тегін көгілдір отын кіргізілді. Бұл жұмыстар осы айдың соңына дейін аяқталады. Газдан кейін жиі қойылатын сұрақтардың бірі – интернет. Бұл – 8 жыл ішінде көтерілген үлкен мәселе. Бір кездері елорданың саулеттік келбетін сақтау үшін сымдарды бағандар арқылы өткізуге тыйым салынған еді.

арқылы үйлеріне интернет орната алады, – дейді Ержан Жұмағұлов.

Әңгімелесу барысында әлеуметтік нысандар туралы сұрадық. Белгілі болғандай, бұл елді мекенде 11 білім беру нысаны бар. Оның 4-еуі – орта білімді мектеп және біреуі – мектеп-интернат. Сондай-ақ 3 мемлекеттік және жекеменшік балабақша бар.

Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» бағдарламасы негізінде 2 мектептің құрылы-

Қаладағы мемлекеттік №5 емхана да көкталдықтарға қызмет көрсетеді. Үлкен аурухана да салынып жатқанын айта кету керек, – деді аудан әкімінің су жаңа орынбасары.

Байқағанымыздай, елді мекенде спорт және мәдениет нысандары да бар. Осыдан 2 жыл бұрын Көктал-2-де Дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Онда спорт үйірмелері ұйымдастырылып, қалалық және республикалық жарыстар өтіп тұрады.

Елді мекен қала орталығынан алыс орналасқандықтан, қоғамдық көліктердің қатынауы өте маңызды. Ержан Жұмағұловтың сөзінше, Көктал тұрғын алабы бойынша 15 автобус бағыты өтеді.

– Қазіргі таңда қоғамдық көліктердің жетіспеушілігі мәселесі әлі де өзекті. Тұрғындардың өтінішіне байланысты №2, 32, 50 автобустың бағыты ұзартылды. Жақында сол жағалауға қатынайтын тағы бір автобус қосылды. Көктал-1-де үлкен саябақ бар, ал Көктал-2-де спорт кешені бар. Бірақ Көктал-2 тұрғындары саябаққа тікелей бара алмаса, керісінше Көктал-1 тұрғындары спорт кешеніне бара алмайтын. Осы мәселені тұрғындармен бірлесіп шешу керек, жаңа №49 автобус бағыты қосылды. Енді тұрғындардың саябаққа және спорт кешеніне баруға мүмкіндік туды. Елордаға жаңа автобустар келген сайын жаңа бағыттар қосылып, қазіргі автобустардың санын арттыру жұмыстары жүргізіледі, – дейді ол.

Қоғамдық көлік туралы әңгіме өрбігеннен кейін жылы аялдама туралы да сұрадық.

– Жыл сайын Сарыарқа ауданында 10 жылы аялдама қойылады. Былтыр оның 9-ы осы тұрғын алаптарға орнатылды. Жылы аялдаманы орнату кезінде елді мекендегі әлеуметтік нысандар ескеріледі. Осы уақытқа дейін мектеп және балабақша маңайына қойылды. Көкталдың өз ішінде «Нұрбесік» және «Жасыл ел» деп аталатын шағын тұрғын алаптар да бар. Онда қандастарымыз тұрады. Осы орайда, көкталдықтардың өтініші әрқашан ескерілетінін айтып өткім келіп тұр. Мысалы, Көктал-1 тұрғындарының өтініші бойынша Көк-төбе көшесінде қоғамдық кеңістік ашылды.

естіп жатырмыз, – дейді Көктал тұрғыны Айғаным Қуаныш.

Көктал-1-ден шығып, жолдың арғы бетінде орналасқан Көктал-2-нің тыныс-тіршілігін көріп кетпек болдық. Байқағанымыздай, бұл елді мекенде жер үйге қарағанда көпқабатты үй басым. Автобустардың да қарама-қарсы жиі өтіп жатқанын көзіміз шалды. Бұл жақтағы тыныс-тіршілікті білу үшін саябақта жүрген тұрғынмен тілдестік. Бір қызығы, біз танысқан Сайран Нақұпова ауданның белсенді тұрғыны болып шықты.

– 1999 жылы елордаға көшіп келіп, осы жерден үй салдық. Бұрын бұл жақта жол ештеңе болмайтын. Жол болмағаннан кейін автобус та жүрмейтін. 2012 жылдан бастап «Көкталды абаттандырамын» деп өзіме мақсат қойдым. Әрқашан басқа тұрғындармен бірлесіп, мәселелерге қатысты өтініштер жазып жүрдік. Қазір жол, кәріз жүйесі, жарық мәселелері шешілді. Автобустар да қатынай бастады. Өтініш-тілектерімізге Сарыарқа ауданы әкімдігінен кері байланыс жақсы болды. 2020 жылы қалаға газ келді. Тұрғындардан бірінші болып біз тарттық. Спорт



Оңалхан ӨНЕРХАН

Ал Көктал-2-де «Қорғалжын» саябағы салынды. Кеңдала көшесінде жетіқабатты 2 үй бар. Ол жерге балалар ойын алаңы бағдарламасымен жаяу жүргінші жолы бар. Шынымды айтсам, ауыз толтырып айтатын проблема жоқ. Егер маған «Сізге қала ортасынан көпқабатты үйден пәтер берейік» десе, мен ауыстырмайтын едім. Өте ыңғайлы тұрғын алап, ауасы да қала ішіне қарағанда таза, – деді Сайран Нақұпова.

Тұрғындар пікірін білген соң, шынында Көкталдың қалай дамып кеткеніне көзіміз жеткендей болды. Қала тіршілігінен алыс орналасқан елді мекен жайлы әрі қауіпсіз өмір сүріп жатыр. Үкіметте 2021 жылы қабылданған «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы аясында Көктал елді мекенінде біршама жұмыс атқарылғаны көрініп-ақ тұр.

Елді мекенмен танысу барысында халықтың жайлы өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау, тең қолжетімділігін қамтамасыз ету қашан да жалғаса беретін жұмыс деген ой түйіндедік.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ





**БАС ЖОСПАРДА  
БӘРІ ЕСЕПТЕЛДІ**

– Алтынбек Жанатұлы, бұрынғы Бас жоспар бойынша Астана тұрғындарының саны 2030 жылы ғана 1 миллион адамға жету керек екен. Бірақ бұл межеге болжанған уақыттан әлдеқайда бұрын – 2016 жылы жеттік. Бүгінгі таңда елорда халқының саны шамадан тыс артуына байланысты бірқатар мәселе туындады. Бұл, негізінен, инженерлік инфрақұрылым мен балабақшалар, мектептер секілді әлеуметтік нысандардың жетіспеушілігіне қатысты болып отыр. Сіздердің басқармаларыңыз – қала құрылысы мен келбетіне жауапты бірден-бір мекеме. Осы тарапта мәселелер қалай шешіліп жатқанын айтып берсеңіз.

– Жалпы кез келген қала құрылысы Бас жоспардан басталады. Үкімет қаулысымен бекітілген Астана қаласының Бас жоспары бар. Бірақ бұл құжат ескірді. Қала өсіп жатыр, елорда тұрғындары да арту үстінде. Қаланың өсу қарқыны Бас жоспарға сәйкес келмей қалды. Астана тұрғындарының саны болжанғанынан әлдеқайда асып кетті. Мәселен, бұрын қаланың шеті саналған Оңтүстік-шығыс тұрғын алабында жеке тұрғын үйлерді салу жоспарланған еді. Қазір аймақ қаланың ортасына айналғаннан кейін бұл мүмкін болмай қалды. Халық суранысына сай көппәтерлі үйлер салу керек, сол аймаққа инженерлік инфрақұрылым тарту қажет. Солай болып жатыр да.

Бір жақсысы, Астана – басқа қалалармен салыстырғанда жайылып кеткен шаһар емес, жинақы қала. Қазір Астана тұрғындары саны ресми статистикаға сәйкес 1 миллион 350 мың адамнан асты. Сондықтан Бас жоспарға өзгерістер енгізіліп, бұған қатысты қоғамдық талқылаулар өтіп жатыр. Тұрғындар бұл талқылауларда көптеген мәселе көтеріп жатыр. Жаңа Бас жоспарда қаланың 2035 жылға дейінгі дамуы есептелуі керек. Тұрғындар санына, суранысына қарай міндетті түрде балабақшалар, мектептер, денсаулық сақтау нысандары жеткілікті болуы керек.

– Бас жоспардан басқа қала құрылысында қандай құжаттарға сүйенесіздер?

– Детальді жоспарлау жоспары деген құжат бар. Бас жоспар қарапайым халыққа түсініксіз, онда қала аймақтарға бөлініп, бүкіл нысандар арнайы белгілермен көрсетілген. Ал детальді жоспарлау жоспарында бәрі бүге-шігесіне дейін қамтылады.

**ТАЛДЫКӨЛ  
ЖОЙЫЛМАЙДЫ**

– Бас жоспарға қатысты қоғамдық талқылауларда тұрғындар көптеген мәселе көтеріп жатыр дедіңіз. Бұл қандай мәселелер?

– Талдықөл мәселесі көп талқыланып білесіздер. Оған алаңдаудың, халықты дүрліктірудің қажеті жоқ. Бас жоспарда Кіші Талдықөл де, Үлкен Талдықөл де сақталған. Бұл – қала тіршілігі үшін маңыз-



## АСТАНА ТАРТЫМДЫ ҚАЛАҒА АЙНАЛДЫ

Астана құрылысы осы күндерге дейін тоқтаған емес. Халықты тұрғын үймен, қажетті әлеуметтік нысандармен қамтамасыз ету үздіксіз жүріп жатыр. Қала келбетіне де ерекше көңіл бөлініп, тұрғындар мен қала қонақтары демалатын орындар көптеп салынууда. Бұл жұмыс туралы Астана қаласы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Алтынбек АХМЕТОВПЕН сұхбаттастық.



ды су ресурсы. Үкімет те, қала әкімдігі де соны түсініп отыр. Сондықтан Талдықөл жойылмайды. Бұл – табиғи көл. Баяғыда осы көлге көріз қалдығын ағызды. Жағымсыз иіс содан шықты. Сол маңайда тазарту құрылғылары бар. Кейін қалдықтарды көлге ағызғанда тыйым салынды. Сол кезде табиғи көл болғандықтан су деңгейі төмендеп, құрғап қалды. Қазір ол жерде абаттандыру жұмысы жүріп жатыр.

– Инженерлік инфрақұрылымға келейік. Жаңбыр жауса, қала көшелерін су алып кететіні ешкімге жасырын емес. Қалада нөсер кәріздері салынып жатыр. Дегенмен бұл жұмыс әлі бір жүйеге келмеген секілді...

– Әлемдегі кез келген қаланы қатты жаңбыр жауғанда су басады. Бұл Еуропада да, басқа құрлықтарда да бар. Таулы аймақтарда орналасқан шаһарларда бұл мәселе жеңіл шешіледі. Ал бізде тау жоқ болғандықтан кейін мәселе күрделілеу, жауған жаңбыр суы бір орында тұрады. Бүкіл қаланы нөсер кәрізімен қамтамасыз ету үшін бюджеттен өте көп қаржы бөлінуі керек. Екінші жағынан, қаланы түгел қазып тастамайсыздар ғой. Құбырлардың диаметрі де үлкен болуы керек. Су ағынын күшейту үшін сорғылар пайдаланылады. Бұл тарапта қалада тиісті жұмыс жүргізіліп жатыр.

**ХАЛЫҚҚА КЕРЕК  
НЫСАНДАР БОЙ  
КӨТЕРЕДІ**

– Елордада біраз жылдан бері жеке тұрғын үй салуға жер берілмейді. Тек қана әлеуметтік нысандар мен көппәтерлі тұрғын үйлердің құрылысына белгілі бір компанияларға жер телімдері бөлінеді. Жер қатынастары бағытындағы жұмысқа тоқталсаңыз.

– 2006 жылы Үкімет Астанада жеке тұрғын үй салуға қатысты қаулы шығарып, ережесін бекітті. Соған сәйкес, жер телімдері кезекке сай берілетін болды. Сол жылы бір жылдың ішінде 100 мыңнан астам адам өтініш жазды. Бір отбасының бірнеше мүшесі қатар жазған жағдай да көп. Қазір мұндай өтініштер 250 мыңға жетіп қалды. Бірақ қазір елордада жеке тұрғын үйге беретін бос жер телімдері болмай тұр. Және Бас жоспарда бұл қарастырылмаған. Тиісті ереже бойынша кезекте тұрған адамдарды алып тастау деген жоқ. Экономикалық тұрғыдан белгілі бір шаршы метрге жеке тұрғын үйден гөрі көппәтерлі үй салған тиімді. Бұған қоса, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету де бар.

– Қала тұрғындары тарапынан белгілі бір аймаққа тұрғын үй кешендері салына бергеннен мектеп, ауруханаға секілді әлеуметтік нысандар салына деген өтінішін жиі естіп жатамыз. Бұл бағыттағы жұмыстан хабар берсеңіз.

– Қалада мектептерді, ауруханаларды салу жоспары бірнеше жылға жасалған. Оның бәрі салынады. Ерекше атап өтетін нәрсе, кейінгі жылдары үлкен сураныс болғаннан кейін елордада тұрғын үй құрылысының қарқыны артып кетті. Қазір ғана сәл баяулады. Бүгіндері әлеуметтік нысандарды, инженерлік желілерді салуға басты назар аударылды.

– Тұрғын үй кешендерін салу баяулады деп айттыңыз. Бірақ оның екінші жағы да

бар ғой, қазір қаншама адам тұрғын үй кезегінде тұр...

– Мынаны қоса кетейін, қалада құрылыс саласында өте көп адам жұмыс істейді. Құрылыс тоқтаса, қаншама адам жұмыссыз қалады. Сондықтан бұл мәселеде де мұқият болу керек деп есептеймін. Бірақ қала құрылысы баяулағанмен, жұмыс жалғасып жатыр. Халыққа керек нысандар бой көтеруде.

**«МЫҢЖЫЛДЫҚ»  
АЛЛЕЯСЫ ЖАҢҒЫРЫП,  
ЖЕЛІЛІК САЯБАҚ  
ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСАДЫ**

– Елордада жүргізіліп, халықтың көңілінен шығып жатқан жұмыстың бірі – қоғамдық кеңістіктер құру. Соңғы жылдары қалада осындай кеңістіктер көп ашылды. Был да жалғасқан бұл жұмыс туралы айтып берсеңіз.

– Астана әкімі Жеңіс Махмұдұлы қалада қоғамдық кеңістіктерді көбейтуге ерекше көңіл бөліп отыр. Мәселен, «Мыңжылдық» аллеясы деген жоба бар. Бірнеше жыл бұрын бұл басталғанда құрылыс салушылар осы жұмысқа салғырт қарады. Қала әкімі тапсырма беріп, қазір аталмыш жобаны жаңғырту бойынша қызу жұмыс жүргізіліп жатыр. Соның ішінде сол аймақта жасыл желекті көбейтіп,

күтіп ұстауға, дендро жоспарды әзірлеуге тапсырма берілді.

– Қалада Желілік саябақ құрылысы туралы біраз әңгіме болды. Бұл жағы қазір қалай болып жатыр?

– Жобаланған Желілік саябақ аумағының жартысы бірнеше жыл жабық болды. Оның себебі сол аумақта қала мен елдегі жұмыс тиянақталып қалды. Оның бос аймағында тұрғын үй кешендері салынбайды, Желілік саябақ құрылысы жалғасады. Осы нысан Бас жоспарға кірді.

– Астананың болашағы туралы пікіріңіз қандай?

– Қазір елорданың өндірістік қуатын арттыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. Соның ішінде Астананы экономикалық хабқа айналдыру мақсаты қойылды. Бұл үшін арнайы индустриалды аймақ құрылып жатыр. Осы күні қалада бір индустриалды аймақ бар. Бұл толып қалды, сондықтан екінші осындай аймақты құру жүргізіліп жатыр. Оған тиісті желілер тартылууда. Жобалау жұмысы аяқталуға жақын. Осындай істер жұмыс орындарын көптеп ашуға, өңірлік ішкі өнім көлемін өсіруге септігін тигізеді.

Астана – еліміздегі донор қаланың бірі. Дегенмен елдің астанасы болғаннан кейін экономикалық тұрғыдан да тартымды болуы керек. Мұнда ірі инвесторларды, әлемдік нарықтың ірі «ойыншылары» тарту қажет. Бұл жұмыс жүргізіліп жатыр. Мәселен, «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтті. Көрме өткелі сондағы бірде-бір павильон бос тұрған жоқ. Онда түрлі көрме, жиын жиі өтеді. Сол уақыттан Астана экономикалық тұрғыдан тартымды бола түсті. Сол жағалау өсе түсті. Жуырда Алматыдан Астанаға жұмыс бабымен келген бір танымал елордада 15 жыл болмапты. Ол: «Әуежайдан түсіп Астананы көргенде, аузым ашылып қалды. Шетелге келгендей болдым» деп айтты. Жалпы қазір елордада шетелдіктер де көп. Бұрын бірен-саран ғана еді. Бұрын таңсық болса, қазір үйреншікті жағдайға айналды. Астана ел тұрғындары үшін де, шетелдіктер үшін де тартымды орталығына айналды. Еліміздің бүкіл өңірінен халық табыс табу үшін, басқа да мақсаттармен елордаға ағылады. Астанада экономикалық тұрғыдан дамуға мүмкіндік өте көп.

Сұхбаттасқан  
Аманғали ҚАЛЖАНОВ





№122 (4555) 14/10/2023 Сенбі

– Алдымен қаржылық сауаттылық деген не, осыны анықтап беріңізші, ол бізге не үшін қажет? Қаржылай сауатты деп қандай адамдарды атауға болады?

– Қаржылық сауаттылық дегеніміз мынадай компоненттердің жиынтығы: біріншіден, бұл қаржылық қызметтер мен құралдарды пайдалана білумен байланысты, яғни адам өз қаржысын басқару дағдыларын меңгеруі керек. Сондай-ақ халық қаржы жүйесі, оның жұмыс істеу қағидаттары және қаржы қызметтері саласындағы тұтынушылардың құқығын қорғау туралы үнемі хабардар болып отыруы тиіс.

Халықтың қаржылық білімін арттыру – қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау жүйесінің негізгі бір бөлшегі. Ол халықтың және бизнестің қаржылық қызметтерге үздіксіз қол жеткізуі, қаржылық тұрақтылық пен қоғамдық әл-ауқатты қамтамасыз ету үшін қажет.

Қаржылық сауаттылықтың көрсетілген компоненттерін ескере отырып, қаржылай сауатты азамат мынадай қасиеттерге ие болуы керек: ол кірістер мен шығыстарды жоспарлай білуі, сондай-ақ ұзақ мерзімді жинақ пен қаржылық «қауіпсіздік құралын» қалыптастыруы қажет. Қаржылық жаңалықтардан хабардар болуы және қажетті қаржылық ақпаратты пайдалана білуі тиіс. Қаржылық қызметтер мен өнімдерді ұтымды таңдауы және несиеге қатысты мәселелерге жауапкершілікпен қарауы керек. Бұл ретте қаржылық қызметтерді тұтынушы ретінде оның өзінің заңды құқығы мен мүддесін білуі және оларды қорғай білуі маңызды. Сонымен бірге қаржылық алаяқтық белгілерін тани білгені абзал. Қаржы қызметтері нарығындағы тәуекелдер және қаржы өнімдері мен құралдарының ерекшеліктері туралы да хабардар болғаны, өзі үшін ең жақсы шарттарды таңдай білгені жақсы. Тағы бір маңыздысы, қаржылай сауатты адам шарттық қатынастар мен негізгі тармақтардың базалық аспектілерін білуі және қаржылық қызметтер туралы шарттар жасасу кезінде осыған ерекше назар аудару қажет.

– Қазіргі таңда халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін қалай бағалай едіңіз?

– 2020-2022 жылдар аралығында Қазақстанда қаржылық сауаттылық деңгейінің өсуі байқалады. Соңғы кезде адамдар шоттарды төлеуге, қаржылық жоспарлау мен бюджетті жүргізуге, ай сайынғы міндетті шығындарды төлегеннен кейін жинақтарды қалыптастыруға жауаптылықты сезіне бастады. Бұған Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері дәлел бола алады.

– Тағы бір маңызды мәселе – қаржылық қауіпсіздік. Неліктен қазақстандықтар алаяқтардың тұзағына тез түсіп, қаржы пирамидаларына қаражат аудару арқылы алданып, сан соғып қалып жатады деп ойлайсыз?

– Қаржы пирамидаларын қоса алғанда, халықтың күмәнді табыс табу жобаларына тартылып, алдануының негізінде екі басты себебі бар. Бұл, біріншіден, халықтың қаржылық білімі мен дағдыларының жеткіліксіз деңгейде болуы. Екіншіден, қазіргі кезде, жасыратыны жоқ, көпшілік жеңіл ақша табуға құмар болып барады.

– Жекелеген адамға қатысты және жалпы елде қаржылық сауаттылық деңгейінің төмен болуы қандай зардаптарға әкеліп соғады?

– Қаржылық сауаттылық мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының бір бөлшегі ретінде азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді, тұтынушылар үшін ақпаратқа қолжетімділіктің жоқтығы қаржылық қызметтермен көбірек қамтуды және оларға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Әдетте, көптеген елде қаржылық сауаттылық деңгейі халықтың борыштық жүктемесінің өсуіне, экономикалық даму қарқынының төмендеуіне және халықтың қаржы жүйесіне деген сенімінің азаюына алып келеді.

– Айтқыңызшы, қаржыны қалай дұрыс басқаруға болады? Бұл бағытта халыққа, газет оқырмандарына қандай қарапайым кеңес берер едіңіз?

– Қаржылық жоспарлау әр адамның өмірінде маңызды рөл атқарады. Ал қаржылық жоспарлау дегеніміз – кірістер мен шығыстарды дұрыс басқару.

## ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ НЕГЕ МАҢЫЗДЫ?

Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілді. Оны дамыту не үшін керек және қаржы саласындағы білімді қалыптастыруға неге ерекше назар аударылуда? Бұл сұрақтарға ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Астана қаласындағы өңірлік өкілдері басқармасының бастығы Рустам ҒАБДУЛҚАФЕЕВ жауап берді.



– Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысымен халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу тапсырмасының 1.1.3-тармағын орындау үшін дайындалған іске асыру қаржы қызметтерін тұтынушылардың қаржылық білімін жақсартуға, олардың құқығы мен мүддесін қорғауға, қаржы өнімдерінің қолжетімділігін жеңілдетуге және қаржы жүйесіне деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру агенттігі іске асыратын жобаның бірі – [www.fingramota.kz](http://www.fingramota.kz) сайты. Ол әртүрлі қаржылық сауаттылық деңгейлері мен әртүрлі

– Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 мамырдағы №338 қаулысымен халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі бағдарламаны әзірлеу тапсырмасының 1.1.3-тармағын орындау үшін дайындалған іске асыру қаржы қызметтерін тұтынушылардың қаржылық білімін жақсартуға, олардың құқығы мен мүддесін қорғауға, қаржы өнімдерінің қолжетімділігін жеңілдетуге және қаржы жүйесіне деген сенімді арттыруға мүмкіндік береді. ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру агенттігі іске асыратын жобаның бірі – [www.fingramota.kz](http://www.fingramota.kz) сайты. Ол әртүрлі қаржылық сауаттылық деңгейлері мен әртүрлі

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

– Халықтың қаржылық сауаттылығы мәселелерін шешуге мемлекет қалай көмектеседі? Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының серіктестігі жанындағы жобаның туралы не айтар едіңіз?

қаржылық мүмкіндіктері бар кең аудиторияға арналған. Сондай-ақ «FinGramota Online» мобильді қосымшасы халыққа қаржы реттеушісінің қызметі, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқығын қорғау және қаржылық сауаттылықты арттыру мәселелері жөніндегі агенттікпен өзара іс-қимыл жасау үшін ыңғайлы интерактивті құрал ұсынып отыр. Осы мессенджер арқылы 24/7 режимінде пайдаланушылар қаржылық қызметтерді тұтынушылар ретіндегі құқығының бұзылуына, қаржы өнімдерін пайдалану шарттарына, сондай-ақ қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылға қатысты сұрақтарын қоя отырып, қаржылық алаяқтық жағдайлар және қызметінде қаржы пирамидаларының белгілері қаралатын күмәнді ұйымдар туралы хабарлай алады.

– Балаларға қаржылық сауаттылық туралы айту, онымен таныстырып отыру керек пе?

– Қаржылық сауаттылықты ерте жастан бастап қалыптастыру қажет. Осыған байланысты халықтың қаржылық сауаттылығын арттырудың 2020-2024 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген болатын. Ол қазақстандық балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды көздейді. Бұл ретте мектеп жасындағы балаларға, атап айтқанда, бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларына арналған балалар басылымын шығарып, қаржылық сауаттылық жөніндегі қосымша әзірлеу жоспарланып отыр.

– Сіздің ойыңызша, елде қаржылық сауаттылық тақырыбын дамыту неліктен маңызды?

– Себебі қаржылық сауаттылық – мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының бір бөлшегі. Ол азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал етеді, тұтынушылар үшін ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтеді, сондай-ақ халықтың қаржылық қызметтермен толықтай қамтылуын және қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Қаржылық сауаттылықтың жеткілікті деңгейде болуы азаматтарға қаржылық қызметтерді дұрыс және ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді, ең бастысы, қаржылық алаяқтықтан қорғайды.

Сұхбаттасқан  
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Райхан  
РАХМЕТОВА

Әкінішке қарай, буллингтің жанға жара салатын салдары адам санасынан із-түзсіз жойылмайды және депрессия мен суицидтік ойларға дейін әкеліп, балалардың психикалық денсаулығына жағымсыз әсер етуі мүмкін. Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы жүргізген оқушылардың өз денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты мінез-құлқын бағалау және мониторингілеу жұмысы бойынша 2022 жылы Қазақстанда балалардың 17,5 пайызы кемінде 1 рет, балалардың 6,8 пайызы айына 2-3 рет және одан да жиі буллингке ұшыраған. 11-15 жас аралығындағы балалардың 14,1 пайызы басқа балаларға бір рет болса да буллинг жасаған.

Ұлдар арасындағы буллинг қыздарға қарағанда жоғары. Буллинг құрбандарының ең жоғары үлесі 11 жастағы балалар арасында және 15 жасқа қарай есейген сайын төмендейді. 2022 жылы 11 жастағы ұлдар мен қыздар арасында буллинг құрбандарының үлесі 17,7 пайыз,

## БУЛЛИНГТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢЕМІЗ?

Буллинг – басқаны қорқытуға және сол арқылы оны өзіне бағындыруға бағытталған жүйелі қудалау, қорқыту, физикалық немесе психологиялық террор. Бұл – саналы қатыгез қарым-қатынастың ұзақ процесі.

ал 2018 жылы 14 пайыз болған. Бұл көрсеткіштер 3,7 пайызға өскен.

Буллингтің алдын алу үшін оны асқындырмай тұрып ерте араласу


өте маңызды, бала зорлық-зомбылық көргенін ешкімге айтпай, жалғыз жүріп қалмауы керек. Мұнда мұғалімдердің зейіні мен ұстанымы және

ата-ана мен бала арасындағы сенімді қарым-қатынас өте маңызды. Баланың буллингке ұшырағанының белгілері – назар аудару пробле-

малары, жабығу, тұнжырап жүру, ашуланшақтық, сенімсіздіктің болуы, сезімталдықтың жоғарылауы, асқанның ауыруы, шаршау, табеттің болмауы, әлеуметтік байланыстардың аздығы, қорқыныш белгілері, мысалы, кеуде аймағындағы қысым, терлеу, арқаның, шүйденің, бұлшық еттердің ауыруы, ұйқының бұзылуы болуы мүмкін. Егер сіз балаңызда осы белгілерді байқасаңыз, шұғыл шаралар қабылдау керек және ең алдымен мұғалімдерге хабарлап, психологтарды және қажет болған жағдайда ювеналды инспекция қызметкерлерін тарта отырып, бұл мәселені бірлесіп шешу қажет.

Бүгінгі таңда жасөспірімдер мен жастарды қолдау үшін, оның ішінде буллинг мәселелері бойынша жоғары білікті тегін медициналық-психоәлеуметтік және медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін 157 жастар денсаулығы орталығы жұмыс істейді. Орталық қызметінде денсаулықты сақтауға, жасөспірімдер арасындағы қауіпті мінез-құлқты төмендетуге, әлеуметтік қолдауға және олардың құқығын мейірімділік, қолжетімділік, еріктілік және сенім қағидаттары негізінде қорғауға бағытталған тиімді технологиялар пайдаланылады.





# ASTANA HUB – ИННОВАЦИЯЛЫ ЖОБАЛАР ОРТАЛЫҒЫ

Басты міндет – Қазақстанды IT-елге айналдыру. Бұл туралы Президент өзінің Жолдауында мәлімдеп, цифрландыру және технология саласын ілгерілетпей, бәсекеге қабілетті болмайтынымызды дәйектеді. Әлемнің озық елдерінің тәжірибесіне зер салсақ, цифрландыру, ғылым және инновация есебімен дамудың жолына түскенін көруге болады.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

## СТАРТАП – СЕРПІНДІ ЖОБА

Мысалы, АҚШ-тың инновациялық жаңашылдыққа тез бейімделіп, іске асыра білуінен бәсекеге қабілеттілік деңгейін көруге болады. Рас, Америка стартап экокүйесі рейтингінде көш бастайды. Яғни адамдардың өмір сүру сапасын арттыру бағытында инновациялық шешімдер өз жемісін беруде. Соңғы жылдары үздік ондыққа Ұлыбритания, Израиль, Канада, Швеция, Германия, Сингапур, Австралия, Франция және Қытай енеді. Егер ТМД-да стартап жобаларды қолдап, іске асыруын саралайтын болса, Ресей – 29, Украина – 49, Армения – 57, Грузия – 71, Қазақстан – 73, Беларусь – 80, Әзербайжан – 84, Молдова – 85, Қырғызстанды 99-орынан көруге болады.

Қалалар арасында стартап жобаларды іске асыруға қолайлы Сан-Франциско саналады. Одан кейінгі сатыға Нью-Йорк, Лондон, Лос-Анджелес, Бостон, Пекин, Шанхай, Бангалор, Тель-Авив, Париж жайғасты. Стартап жобаларға қолайлы қалалардың басты артықшылығы – экономикасы әртарапты бағытта дамиды. Шикізат өндірумен ғана емес, өнімді тереңдетіп өңдеп, кластерлі шаруашылық құрып, қызмет көрсету салаларына стартап жобаларды енгізеді. Бұл рейтингке Астана (318-орын) мен Алматы (430-орын) қаласы енді. Біздің қалалар рейтингте жоғары бағасын алу үшін IT саласындағы стартаптарды нарық талабына бейімдеу маңызды.

Әлемдегі ең табысты компанияның көбі осыдан 20 жыл бұрын жай ғана стартап болғаны құпия емес. Осыдан стартап жобалар экономикалық көрсеткішке оң әсер ететінін білуге болады. Мысалы, Израиль экономикалық көлемі жағынан Жапониядан төмен болғанмен, стартап саны бойынша жоғары. Соның есебінен экономикасы тұрақты мемлекет саналады. Тіпті инновациялық бағытты қолдау және дамыту арқылы Израиль келешекте Жапониядан экономикасы озуы әбден мүмкін. Мұндай зерттеуді Британдық экономика және бизнесті зерттеу орталығы (CEBR) ұсынды. Орталықтың есептеуінше, 2030 жылы Қытай АҚШ-ты экономикалық тұрғыда ілгерілегенмен,

инновациялық даму бойынша артта қалады. Жеті жылдан кейін Израиль ғылыми-технологиялық орталықтың біріне айналады. Сингапур стартап жобалар арқылы Оңтүстік-Шығыс Азияның іскерлік астанасы болады. Еуропаның үш ірі экономикасы – Германия, Франция және Ұлыбритания стартап жобаларды қолдау арқылы жер бетіндегі алғашқы ондыққа кіреді. Осыдан-ақ стартап жобаларды дамытудың мән-маңызын түсінуге болады. 2018 жылы Қазақстан Үкіметі Назарбаев университетінің базасында инвестицияны ұсынатын Инновациялық кластерді (NURIS) іске қосты және елорданы қаржы орталығына айналдыруда Astana Hub технопаркін құрды. Бұл орталық инновациялық жобаларды сүйемелдеуге, серпінді IT-компанияларды шығаруға, IT мамандардың шоғырын қалыптастырып, идеяларын жүзеге асыруға және тағы басқасына жауапты.

## ТЕХНОПАРК – ИННОВАЦИЯ ЖАРШЫСЫ

– Astana Hub инновациялық жобалар орталығына айналып келеді. Біз IT-таланттарды қолдап және стартап жобаларды іске асырып, стартап бизнес экокүйесіне дамытып келеміз. Онда отандық және шетелдік компаниялардың жан-жақты ілгерілеуіне жағдай қалыптасты. Оның дәлелі 126 миллиард теңге инвестиция тартылып, әлемнің озық елдеріндегі стартап орталықтармен 39 халықаралық ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізілді. Өңірлік IT хабтардың жұмысын жетілдіру қолға алынып, Investors School-да 171 азамат кәсіби біліктілігін шыңдады, – деді технопарктің басқарушы директоры Алина Әбдірахманова.

Технопарк міндетінің бірі – стартаптарға венчурлық инвестиция тарту және қазақстандық жобаларды сыртқы нарыққа шығару. Бұл ретте талантты да талапты жастардың инновациялық жобаларын ерекше атауға болады. Мәселен, Данияр Асанов, Асан Барзу, Эльдар Закирьянов, Тимур Жүнісов және Әлішер Қоғабаев, Әсел Беглинова, Дәурен Макенов, Арман Баев, Аружан Меде, Елнұр Қай, Динара Өскенбаева, Әнуар Сәрсембинов және тағы басқасының стартап жобалары түрлі салада халық игілігіне айналды. Мәселен, Documentolog сервисін қалада Parqour паркинг қызметін,

СІПХ смарт-тақтасын, UvU қауіпсіз таксин және тағы басқасын атауға болады. Сондай-ақ JET мобильді қосымшасы арқылы скутерді жалға беру қызметі, STOgram автосервисі және қосалқы бөлшекті іздеу платформасы сарапшылар мен тұтынушылардың жоғары бағасын алды. Одан бөлек, инсульттің автоматтандырылған диагностикасына арналған нейрорадиология мен жасанды интеллект саласына маманданған стартап – CerebraAI ерекше атау керек аурулары жасарып, инсульт пен инфаркт алған адамдар саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Қазақстанда 40 мыңнан астам инсульт расталған пациент анықталды. Оның ішінде 10 мыңы алғашқы 10 күнде қайтыс болса, 350 мыңнан астамы инсульт салдарынан түрлі деңгейдегі мүмкіндігі шектеулі жанға айналды. CerebraAI осы тұрғыдан алғанда маңызды.

Тағы бір қызықты жобаның бірі – GoDays жасанды интеллектісі. GoDays жобасының операциялық директоры Динара Өскенбаева пернетақта көмегімен адам жанын қалай түсінуге болатыны туралы айтты.

– Жасанды интеллектің көмегімен адамның көңіл күйі туралы мәлімет алуға болады. Мәселен, ұйқысы қанды ма, күннің қай бөлігінде немесе аптаның қай күндері өзін жақсы сезінеді және тағы басқа мәліметтерді жинап, өңдеп, нәтижесінде адамның жағдайы жақсы ма, әлде күйзеліске жақын ба, соны анықтауға болады. Бұл жоба Португалияда да жақсы нәтиже көрсетті. Қызметкерлер арасында өнімді сынап көргенде бір жігіттің үш ай бұрынғы эмоционалды күйзелісін болжай алды. Табысты кейстерден соң бәрін цифрландыра бастадық, – деді ол.

## ЦИФРЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ ПЛАТФОРМАСЫ

Осы күндері жаһан жұртының назары Астанаға ауып, стартап жобалардың жаңашылдығы мен

жаңалығын бағдарлауда. Себебі Орталық Азиядағы ең ірі IT-форум – Digital Bridge-2023 өтуде. Яғни әлемнің ірі инвесторлары Астанада бас қосты. Форум аясында инноваторлар мен перспективалы кәсіпкерлердің Startup Alley IT – стартаптар аллеясында IT-жобаларын таныстырды.

Форумға Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы қатысып: «Жаңа дәуірдің басталғанына куә болып отырмыз. Кезінде электр жарығы мен интернетті ойлап табу тіршілігімізді қалай түбегейлі өзгертсе, жасанды интеллекті технологиясының ықпалы да дәл сондай орасан зор» деп робот технологияның жаңа бетбұрысқа әсерін сөз етті. Сондай-ақ әлемнің ірі-ірі компанияларының жетекшілері, IT-инновация саласындағы үздік халықаралық және отандық сарапшылар, өңірдің түкпір-түкпірінен венчурлық инвесторлар келді.

– Бұл іс-шараға қатысушылар халықаралық серіктестіктерді құруға, тәжірибе мен білім алмасуға, әлеуетті инвесторлар мен қаржы институттарының алдында өздерінің инновациялық жобаларын ұсынуға мүмкіндік алды. Бұл ауқымды жиын, сонымен қатар, соңғы технологиялық трендтер мен саланың дамуы туралы хабардар болуға мүмкіндік береді. Форумның бір мақсаты – іскерлік ынтымақтастық аясын кеңейту және құнды бизнес-өріптестікті орнату, – деді Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ақпараттық технологиялар саласын дамыту департаментінің директоры Ерсұлтан Ерманов.

Экокүйенің жаңа қатысушылары іздеу, отандық стартап-мәдениетті көпшілікке таныстыру және өңірде технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға серпін беретін Astana Hub Battle үздік IT-стартаптар конкурсының жүлде қоры 75 мың долларды құрайды.

– Digital Bridge 2023 – Орталық Азиядағы цифрлық инновациялар әлемінің басты оқиғасы, ал Startup Alley IT – кәсіпкерлер, инвесторлар және сарапшылар идея алмасатын платформа. Форум барысында сала мамандары мен сарапшылары цифрландыру, технология, жасанды интеллект бағытында тәжірибе алмасып, бірлесе жұмыс істеуге жол ашды. Біздің азаматтар түрлі салада әзірлеген жасанды интеллект өнеркәсіп пен техниканы дамытуға үлес қосуда, – деді технопарк басшысы Алина Әбдірахманова.

## P.S:

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының бір бағыты – стартап экокүйесін ілгерілету. Бұл деңгейіміз – технопарк құру арқылы бизнестің дамуын жоғары деңгейге жеткізу. Astana Hub осы бағыттағы жұмыстарды үйлестіріп келеді. Ал нақты нәтижесін алдағы уақытта білетін боламыз.

## БАЛА СҮЮ БАҚЫТЫ

Биыл Астанада «Аңсаған сәби» бағдарламасы бойынша ЭҚҰ, яғни экстракорпоралды ұрықтандыруға бөлінетін квота саны 554-ке көбейді. Елордалық әйелдерге 2021 жылы 487 квота, былтыр 518 квота бөлінген еді.

Райхан  
РАХМЕТОВА

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша қазіргі уақытта елімізде 15 мың ерлі-зайыпты бедеулік диагнозымен есепте тұр. Қазақстанда бұл көрсеткіш 15 пайызды құрайды. Яғни әрбір алтыншы отбасында балалы болу проблемасы бар, әрбір бесінші жұп дәл осы себептен ажырасады. Жыл сайын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 7000 ЭҚҰ шараларына қаржы бөлінеді. Квоталар барлық 20 аймаққа, репродуктивті жастағы әйелдердің санына қарай беріледі.



– МӘМС аясында ЭҚҰ-ға квота алу процесі айтарлықтай жеңілдеді. Атап айтқанда, ерлі-зайыптылар квота сұрай алатын көрсеткіштер тізбесі кеңейді. Әйелдер үшін ең маңызды көрсеткіштер – аналық без қорының жеткілікті болуы және жүктілік үшін денсаулыққа қарсы көрсеткіштердің болмауы. Тіркелген жері бойынша емханада «бедеулік» диагнозымен диспансерлік есепте тұрған, МӘМС жүйесінде сақтандырылған, ресми және азаматтық некедегі ерлі-зайыпты квотаға үміткер бола алады. Олардың медицина дерегін Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының МӘМС шеңберінде ЭҚҰ-ға квоталарды бөлу жөніндегі жұмыс тобы мұқият қарайды, – деп түсіндірді Астана қаласы №2 көпсалалы ауруханасы директорының амбулаториялық қызмет жөніндегі орынбасары, жоғары санатты акушер-гинеколог Сәуле Ибраева.

Аталған квотаны алу үшін осы бағдарламаға қатысатын ерлі-зайыптының Қазақстанда тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеуі болуы міндетті. Пациент Қазақстан азаматшасы болуы тиіс және «қуту парағы» тізіміне енген кезде оның жасы 42-ден аспауы керек. Экстракорпоралды ұрықтандыру үшін ерлі-зайыпты клиниканы өздері таңдайды. Қазақстанда аталған ем-шараны 19 медицина ұйымы көрсетеді, оның 4-еуі Астанада орналасқан: олар – «University Medical Center» корпоративтік қоры, «Геном Астана» ЖШС, «Астана Эколайф» ЖШС және «Экомед плюс» ЖШС. МӘМС шеңберінде ЭҚҰ рәсімін жылына бір рет тегін өтуге болады. 2021-2023 жылдардағы нәтиже бойынша бағдарламалардың тиімділігі орта есеппен 38 пайызды құрады. 2021 жылы 122 бала, 2022 жылы 128 бала дүниеге келді. 2021 жылы Астанада осы бағдарлама аясында 10 егіз, 2022 жылы 1 үшдем мен 15 егіз, 2023 жылы 4 ерлі-зайыптыда егіздер дүниеге келді.

Қазіргі уақытта ерлердің де, әйелдердің де ұрықтандыру қабілетінің төмендегеніне байланысты проблема бүкіл әлемге тән деуге болады, жер бетінде бедеулік деңгейі 20 пайызға жетеді. Диагностиканың заманауи әдісінің арқасында аурудың негізгі себептерін дәл анықтауға және тиімді ем тағайындауға болады. Айта кету керек, репродуктивті жүйенің патологиясы 40 пайыз жағдайда ер адамдарда кездеседі, 30 пайыз жағдайда аралас факторлар, яғни ерлер мен әйелдерде тең ұшырасады. Сондықтан әйелдер де, ерлер де өз денсаулығына уақытылы назар аударып, бедеулікке әкелуі мүмкін патологиялардың өршуіне жол бермеу үшін медицина көмегіне дер кезінде жүгінуі қажет.





## ҚАЗАҚ КИНОСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Жақында Астанада режиссер Сәбит Құрманбековтің «Боран» драмалық көркем фильмінің тұсаукесері өтті. Осы кеште біз фильмнің сценарий авторы және продюсері Ербол БОРАНШЫНЫ сұхбатқа шақырып, «Ақшамның» дәстүрі бойынша «қонаққа» сұраған едік.

– «Боран» қалай шықты? Бұл тақырыпқа баурауға не түрткі болды?

– Жобаны 2015 жылдан бастап қолға алдық. Идея Сәбит Құрманбеков ағамыздыкі. Өткен ғасырдың 80-жылдары болса керек, Шығыс Қазақстан өңірінде көрші ауылға аттанған жігіт адасып, Қытайға өтіп кетеді екен. Усініп, хал үстінде жатқанда, сол жақтағы қазақтың үлкен ақсақалы тауып алады да, құтқарып, осы бала үшін үлкен ерлікке барады. Өзіне төнген қатерге қарамай, шекарадан қайта өткізіп жіберуге көмектеседі. Оқиғаның негізгі желісі – осы. Фильмнің сценарий жазылғаннан кейін 2016 жылы мемлекеттік тапсырыс бойынша өтіп жатқан сценарий конкурсына жібердік. 2019 жылы өткен іріктеуге 500-ге жуық сценарий қатысқан, соның арасынан он шақты фильмге түсіруге мүмкіндік берілді. Соның бірі – осы «Боран». Фильмнің бағасын көрермен өз береді ғой, дегенмен бұл киноның барлық өнімі қазақ азаматтарының қолынан шықты. Бұрын суретші, әрлеуші деген сияқты жұмысты көбінде

басқа ұлт азаматтары істейтін. Демек, біздің кино саламыз өз мамандарымызбен толығып келеді десек қателеспейтін секілдіміз.

– Бұл сіздің тұңғыш туындыңыз ба? Жоқ, әлде кино саласында еңбектеніп жүргеніңізге біраз уақыт болды ма?

– Бұл менің шығарманың төлтанбасы емес, әрине. Бұдан бұрын да мен жазған 3-4 сценарий «Қазақфильм» киностудиясында мемлекеттік тапсырыспен түсірілген болатын. Студент кезімде «Алматы-Шымкент» деген толықметражды көркем фильмнің сценарий жазғанмын, комедия тақырыбында. Ол фильм еліміздегі бір конкурста бас жүлдені жеңіп алды, маған «Үздік сценарий авторы» жүлдесін берді. «Немере» фильміне сценарий жазсам, «Тастулекте» сценарийге қоса продюсерлікті атқардым. Бұдан басқа қысқаметражды көркемфильмдер, деректі фильмдер де түсірдім. Жиып айтқанда, қазірге дейін 30-ға жуық еңбектің сценарисі, режиссері, продюсері ретінде атым аталды. Бұл салаға ке-

луіме, біріншіден, бала күнгі арманым түрткі болса, екіншіден, 2005 жылы Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясының кинотеатр-драматургия мамандығына оқуға түсіп, Шахмарден Құсайыновтың тәрбиесін көргенім себеп болды.

– Биылғы жоспар «Боранмен» бітті ме?

– Жоқ, «Бораннан» кейін Данияр Саламатовтың «Талақ», Кенжебек Шайқақовтың «Айқай» фильмдерінің продюсері болып, 2 жобаны да сәтімен тәмамдап өткіздік.

– Қазақстанда ұлттық кинолар басында жарқ еткізіп бір көрсетіледі

көрсетіледі. Бұл жерде ұлттық мүддеден экономикалық қажеттілік әлдеқайда биік тұр деп айтуға болады. Сосын қазақ тілді фильмдердің көбі адам көп көрмейтін уақытта қойылады да, басқа уақытта шетел фильмдерін көрсетеді. Бұл, айналып келгенде, отандық киноны қолдайық деген танымның жоғына да қатысты. Біз бір фильм жасасақ та ұлттық рухты көтерейік, тіліміздің арқауын ширатып, ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртайық деген мақсатпен жасаймыз. Бірақ оны барлық көрермен түсініп, бізді қолдап отыр деп айта алмаймын.

– Елімізде ұлттық кино саласын қолдау жағдайы қалай?

– Осыдан 2-3 жыл бұрын ұлттық киноны қолдау орталығы ашылған. Егер осы орталықтың жұмысы жанданса, біздің кино саламызға көп пайдасы тиеді деп ойлаймын. Жалпы қазір «ел болам десек, экраныңды түзе» деген жаңа тіркес жиі айтылып жүр ғой, сол сияқты біз ұлттық рухымызды көтереміз десек, кино саласына да үлкен қамқорлық керек. Шетелден ұлттық идеологиямызға сай келмейтін киноларды әкеліп, ұлттың санасын улай бергенше, ұлттық болмысымызды әйгілейтін фильмдер көбірек жасалуы керек. Бізде ұлттық тарихына, тағдырына қатысты ашымай жатқан тақырыптар аз емес, соның бәрін кино тілімен ұрпақ санасына жеткізіп, жас ұрпақтың өз тарихын танып өсуіне қол жеткізсек, бұл ұлт үшін үлкен жетістік деп ойлаймын. Қазір бәрі қаржыға тірелетін заман. Қаржы болса, бәрін түсіруге болады. Бірақ кино түсіргеннің жөні осы екен деп не ұлтқа, не ұрпақты тәрбиелеуге пайдасы жоқ арзан күлкіге құрылған бір күндік фильмдерді түсіре беру – ұлт пен өнерге жасалған қиянат. Сондықтан біздің елде кинотану, кино сынын дамыту жұмысына да ден қойылса екен деймін.

Сұхбаттасқан  
Қалиқбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

## ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ НАСИХАТТАҒАН ӨРЕНДЕР

Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен қазақтың ұлт болып ұйысуына қалтқысыз қызмет еткен, туралықты ту еткен мемлекет қайраткері Төле бидің 360 жылдығына арналған «Шешендік өнер – рухани асыл қазынамыз» атты шешендік өнер сайысын өткізді.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

Елордадағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Vinom school мектеп-лицейінде өткен байқауға Алматы ауданының 8 мектебінен 12 оқушы қатысты. Ұлттық тарихи, мәдени, рухани құндылықтарды жастар арасында дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған сайыста оқушылар 3 кезең бойынша бақ сынасты.

Шығармашыл балалар арасындағы байқау бабамыздан мұра болған құдіретті ана тіліміздің айбынын асқақтатар шешендік өнердің қазақ тарихындағы құндылығын жан-жақты насихаттау мен дала данышпаны, дуалы ауыз абызы, сөз зергері Төле бидің өмір жолын зерделеуді мақсат етті.

Өнерлі өрендер «Сөз қадірін білетін жас өрмін», «Шешендік дәстүрлі тіл өнері», «Қанекей, сөйле, қызыл тіл!» шарттары бойынша тіл шеберлігін көрсетіп, шығармашылық қабілетін танытты. Байқау қорытындысы бойынша шын жүйріктер мен шығармашыл оқушылар анықталды.

«Шешендік өнер – рухани асыл қазынамыз» байқауында жеңімпаз бен жүлдегер атанғандар және түрлі номинацияға ие болғандар дипломмен, бағалы сыйлықпен марапатталды. Бас жүлдені Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Vinom school мектеп-лицейінің



оқушысы Аружан Бөлекпей жеңіп алса, 1-орынға Мейірган Асан лайықты деп танылды. 2-орынды Аружан Қуанышбайқызы мен Иңкәр Қуанышқызы бөліссе, 3-орынды үш оқушы: Айша Балтабай, Каусар Нұрғали, Фатима Нұрған иеленді.

5 оқушыға Майқы би, Жиренше шешен, Саққұлақ пен Досбол шешен, Жанқұтты шешен атындағы арнайы жүлделер тапсырылды.

Бас жүлдеге ноутбук, 1-орынға планшет, байқауға қатысушылардың барлығына электронды сағат пен құлаққап, сонымен қатар, мадақтама, ұстаздарына алғыс хат берілді.

– Жаһандану заманындағы жастардың, бабалардың бізге қалдырған өнегелі өсиетін, би-шешендердің шешендік толғауын, ғибратты шығармаларын қаншалықты

деңгейде танып білді, ана тілін қаншалықты деңгейде анықтады, сөз биігіне қай деңгейде сусындады, соған жауап іздеу – негізгі мақсатымыз. Осы бір қатысушылар арасынан болашақта ел тізгінін ұстар тұлғалар, би-шешендер шығарына сенеміз, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған дарындыларға сәттілік тілейміз, – дейді қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Әділ Орынбасарұлы.

Би-шешендердің даналығын жатқа оқыған дарынды балалардың елден ерек өнері, ана тілімізді насихаттаған болмысы басқа оқушыларға үлгі ретінде көрінсе, өнер байқауының танымдық жағынан берері көп болды.



## ФАРИЗА МЕКТЕБІНДЕ ТҮЙІНДЕЛДІ

«Elorda Aqparat» медиакомпаниясы мен Астана қаласы Білім басқармасының бірлескен «Мектеп және медиасауаттылық» жобасы аясындағы кездесулер Фариза Оңғарсынова атындағы №77 мектеп-гимназияда түйінделді. Аталмыш жоба аясында медиакомпания қызметкерлері бір ай бойы қала мектептерін аралады. Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиядан басталған осындай кездесулер поэзия падишасының аты берілген орта білім беру орнында мәреге жетті.



Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

«Астана ақшамы» газеті бас редакторының орынбасары Ғалым Қожабеков бастаған журналистерге мектеп-гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жансұр Лиясов алдымен оқу орнын таныстырды. Заманауи талаптарға сай жабдықталған мектепте фаризатану бөлмесімен қатар ата-аналарды қолдау кабинеті ашылған. Ақша атындағы бөлмеден оның отбасы сыйлаған жақсыдан қалған жәдігерлерді, кітаптарды көруге болады. Ал ата-аналарды қолдау кабинетінде оларға түрлі кеңес беріледі.

Мектепте робототехника кабинеті ашылған. Химия және биология кабинеттері

жаңа заманға сай техникамен жабдықталды. Сабақ оқушыларға мультимедиялық тақта арқылы түсіндіріледі. Оқу орнының кітапханасы мен спорт залы да кең.

Кездесуде Ғалым Қосымжанұлы «Мектеп және медиасауаттылық» жобасының мақсатын түсіндіре келе, негізгі мақсат шығармашылықпен айналысатын оқушыларға бағыт-бағдар беру, олардың талабын шынға екенін айтып өтті. «Астана ақшамы» газетінің тілшісі Нұрлат Байғенже қазіргі ақпараттық заманда естіген, оқыған ақпаратты сүзгіден өткізу аса маңызды екенін айтты. Кездесу сұрақ-жауапқа ұласты. Оқушылар өздерінің жазған шығармаларын қайда жариялауға болатынын жайында, қонақтардың журналистикаға келу жолы, т. б. сауалдарды қойды.



ӨНЕРІМЕН ТАНЫЛҒАН  
ӨРІМДЕЙ ЖАС

Біз оны әуелі әні арқылы таныдық. Ол кезде оқушымыз. Бәрімізді таңғалдырған ән «Бала махаббаты» деп аталатын. Сұрастырып жүріп, авторы да мектеп оқушысы, Жангелдин ауданының Көкәлат ауылында тұратын Қонысбай Искендіров екенін біліп алдық. Арқалықта ол әнсіз бірде-бір концерт өтпейтін. Ән авторы туралы өңімені қалт жібермей, құлақ түреміз. Әннің мұңлы әуені сияқты ол әңгімелер де жүректі сыздатады... «Шешесі жастай қайтыс болыпты...», «артында шиегтей бала қалыпты...», «бас көтерері осы бала екен...»...

Біздің танысуымыздың реті студенттік шақта ғана келді.

Бала кезінен ел аузына ілігіп, жұрт алдында жарқылдап жыр оқып, кейіннен ежелгі өнеріміз – айтыстың қайта оралуына өзіндік үлес қосып, 36 жасында «Қазақстанның халық ақыны» атағын алған Қонысбай Әбіл екеуіміз осылай танысып едік. Тонның ішкі бауындай болдық дей алмаймын, дегенмен кіндік қанымыздың бір топыраққа тамуы арамдызды көзге көрінбес жіппен жалғап тұрғандай сезінетінім. Осы ағалы-қарындас ретіндегі сыйластығымыз тіл саласында қатар жүргенімізде беки түсті. Жеңгеміз – Мұнирамен таныстырғанда да «қарындасым!» дегенін ұмытпаймын.

## АНА ТІЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ

Қонысбай екеуіміз бір өңірдің тумасы болғанымызбен, студент шақта да, оқу бітірген соң қызмет етіп жүрген кезімізде де араласа қойған жоқпыз. Өмірдің «қыз – жат жұрттық» деген заңымен мен басқа жаққа кеттім, ол елге оралды. Өз ауданында шығатын «Жаңа өмір» газетінің жауапты

АРҚАДА АҚЫН ӨТТІ  
«ӘЙ-ӘЙ» ДЕГЕН...

хатшысы болып қызмет ететінін естігенмін. Содан кейін «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінің Торғай облысы бойынша меншікті тілшісі болған кездерінде шығармашылығына ден қоя бастадым. Оның себебі – қыз бала сыртта жүрсе де, құлағын төркін жаққа түріп жүретіні. Қонысбайдың жастар газетінде, Қайсар Әлім ағаның «Егемен Қазақстан» газетінде шыққан хабарларын, очерктерін оқып, туған жерге барып келгендей болатынмын.

Қонысбаймен ол Астана қаласы әкімі аппаратының тіл саясаты бөліміне қызметке келіп, кейін менгерушісі болған (1998-

2002) және қалалық тілдерді дамыту басқармасының бастығы болған (2002-2006) жылдары тығыз байланыста жұмыс істедік. Мемлекеттік қызметте жүрген өзге ұлт өкілдерінің арасында өтетін қазақ тілін менгеруге, халқымыздың салт-дәстүрін, мәдениетін, өнерін насихаттауға арналған іс-шараларда, Тіл басқармасы ұйымдастыратын түрлі танымдық, зияткерлік конкурстарда жюри мүшесі, бірнеше рет төрағасы болдым. Айтқандай, кейін бірнеше рет республикалық деңгейде өткен «Үздік аудармашы» конкурсын да қала деңгейінде алғаш Қөнекең ұйымдастырған болатын.

Меніңше, орысша ойлайтын қаланы қазақтандыру ісінің басына осындай тұлғаны тағайындау өте дұрыс шешім болды. Қонысбай – ең қиын кезде, елордамыз көшіп келіп, аты қазақ елінің астанасы болғанмен, заты, ойлауы орысша қаланың тіршілігіне мемлекеттік тілді енгізу мәселесінде сірескен тонды бұзған адамның бірі. Айтыстарда «тілім!» деп шырылдаған ақын іс жүзінде тіл үшін күрестің оңай емес екенін өз басынан кешірді. Бірақ алған бетінен қайтпады, небір қоқан-лоқыдан қаймықпады. Бірінен-бірі қызықты, бірінен-бірі ауқымды іс-шараларды өткізе бастады.

Мысалы, осы жылдары Қонысбайдың ұйымдастыруымен астанамызда республикалық деңгейде 10 ақпандар айтысы өткізілгенін біреу біліп, біреу білмейді. Сондай-ақ жас ұрпақтың өз тілімізде мүдіріп сөйлейтінін байқап, балаларды халық ертегілері кейіпкерлері рухында тәрбиелеу мақсатында «Тазша бала» конкурсы өткізілетін еді. Бар жаңалықтың астанадан бастау алатыны – заңдылық. Сондықтан Қөнекең үшін қолға алған іс-шаралардың «өткізілді» деген белгі үшін емес, өміршең болуы бірінші орында тұратын. Осылайша, Наурыз мейрамын халық мерекесі ретінде тойлау, тіл фестивалін өткізу, Абай ескерткіші жанында «Поэзия сағаты» ұйымдастыру, елордада тұратын қаламгерлермен кездесулер өткізу дәстүрге айналды.

ТІЛ ИГЕРУ ТЫҢ ИГЕРУДЕН  
ДЕ ҚИЫН

Өткізген іс-шаралар деңгейі ғана емес, өзі де өсті. Ел еркелеткен ақын, өзі қызу мінезді адам бұл істе сабыр мен салқынқандылық керек екенін ұғып, тактикасын өзгертті. Астанадағы тіл саясаты бойынша пікіріне құлақ түріп, санасатын тұлғаға айналды. Қала басшылығымен келісе отырып, мемлекеттік тілдің мәртебесіне лайық қолданылуын қамтамасыз ететін жоспар құрды.

«Тіл білмейсің» деп көзге шұқымай, тілді үйрету керек деп, көпшілік айналып өтуге тырысатын мәселені күн тәртібіне шығарды. Сол мақсатта «Руханият» орталығының жұмысы жанданды. Мемлекеттік тілді оқыту орталығы ашылды. «Жалғыз ағаш орман емес» екеніне көзі жетіп, Астанада тіл мәселесіне жаны аштындарды маңайына топтастырды. Алматыдан, басқа да өңірлерден рухтас, пікірлес адамдарды алдыртты.

Тағы бір проблема – қала мекемелеріндегі мемлекеттік тілдің жағдайын көтеру мәселесі қолға алынды. Ол кезде басқарманың жүйелі түрде тексеру құзыреті бар болатын. Бірақ бұл істе «асықпай жүріп, анық басу» керек. Бұлар тексерілетін мекемеге алдын ала хат жіберіп, ескертіп, шаруалары біткен соң, қала әкімінің орынбасары деңгейінде тыңдаулар өткізіп отыруды жолға қойды.

Бұл жерде ең бастысы тыңдауға мекеменің бірінші басшысы келуі тиіс деген қатаң талап болатын. Басшы емес, орынбасары келген жағдайда, қала әкімінің сол кездегі орынбасары Т.Мұхамеджанұлының: «Басшыңызға сәлем айтыңыз, ол келмей өткізбейміз» деп жиынды өткізбей тастаған кездері болғанын естіп, сүйінгенбіз. «Аюға намаз үйреткен таяқ» деген ғой, осындай талаптан кейін біраз басшының мемлекеттік тілге деген көзқарасы өзгергеніне де куә болдық.

Айтқандай, бір іс-шарадан кейін біраз басшының мемлекеттік тілге деген көзқарасы өзгергеніне де куә болдық. Айтқандай, бір іс-шарадан кейін біраз басшының мемлекеттік тілге деген көзқарасы өзгергеніне де куә болдық. Айтқандай, бір іс-шарадан кейін біраз басшының мемлекеттік тілге деген көзқарасы өзгергеніне де куә болдық.

Қасымызда жүргенде адамды бағалай бермейтініміз өкінішті. Ақынның «Жадымдағы жазбалар» деген кітабын оқып отырып, Торғайдың, айтыстың, астанадағы тіл саласының тұтас бір дәуірі оның есімімен байланысты екен-ау деп ойлаймын. Бәлкі, бұл жайды журналистика, филология факультеттерінде ескеріп, магистранттарға зерттеу объектісі ретінде ұсынылар? Елге, ұлтқа қызмет етуді мақсат етуден туындаса, ол істің үлкен-кішісі болмайтынына Қонысбай Әбілдің өмірі мысал бола алары анық.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА,  
жазушы, филология  
ғылымдарының кандидаты

АДАЛ ДОС,  
ӘДІЛ ӘРІШТЕС ЕДІ

Уақыт шіркінде тоқтам бар ма? Шыр айналған мынау доғал дүниенің алдымызға қандай тарту-таралғы дайындап қойғанын білмейсің. Студенттік шақтан шұрқырай табысып, аз уақытта қыл өтпес досқа айналған замандасымыз, ел құрметіне бөленген, журналистиканың туын жықпай, бар ғұмырын қалам мен қағазға арнаған әріптесіміз Шарафаддин Әмірдің жылдық ас нәзіріне қатысамыз деп кім ойлаған?! Амал нешік, адал достың арамдыдан кеткеніне де көндіге бастаппыз. Қатал уақыт ажалдың ешкімді де аямайтынын ұқтырып қойғандай. Жадымда жақсы адамның жадыраған өз бейнесі қалды. Дос деп соққан жүректі сағыныш сазы сыздатады. Бәрі көз алдымда, бәрі жансарайымда жаңғырып тұр. Күні кеше ғана студент сияқты едік.



1994 жылы «Заң газетінде» қызмет істеп жүрген жерінен Шараф «Егемен Қазақстан» газетінің заң бөліміне қызметке шақырылды. Қара шаңырақ басылыммен бірге елордаға қоныс аударды. Пәтерлі болды. Осы үлкен шаңырақтан заңгер-журналист Шарафаддин Әмірдің құқық, заң саласындағы жемісті қызметі басталып, өмірінің соңына дейін жалғасты. Алайтынан келген ауру меңдеп, таяққа сүйеніп қалса да, сүйікті қызметімен қош айтыспады. Қаламын қолынан тастаған жоқ.

Мына төмендегі жыр жолдары сол бір ауыр күндері жазылған болатын: *Серілікті жүруші едік сертіміз деп, Суық ызғар соқты ма ерте үілдеп? Бірден-бірге бара ма күн азайып, Күннен-күнге бара ма дертің үдеп?*

*Күннен-күнге азайып салмағың да, Алаң көңіл атойлар ар жағыңда. Көзіміздің алдында шөмейдің-ау, Дерт бейтұғын жем болып жалмауыңға.*

Өлеңді көзі тірісінде Шәкең оқып бере алмадым. Дәті құрғыр шыдамады... Қайтыс болған соң ғана бірқатар басылымға қазанама орнына жарияланды.

Шәкең «Заң газетіне» төрт жыл бас редактор, «Заң» медиа-корпорациясына үш жыл президент болған кезеңін өзінің «Аға» атты кітабында егжей-тегжейлі жазып кетті. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы сот жүйесінің негізін қалаушылардың бірі де бірегейі, ғалым-заңгер Қайрат Мәмиге арналған осынау көлемді еңбегінде автор өз өмірінің де аса елеулі сәттерін көркем де кестелі тілмен оқырман назарына ұсынған болатын. Амал не, жазары да, берері де көп асыл азамат еді. Ешкімді де аяуды білмейтін ажал атты тажал арамдыдан тым ерте алды да кетті. Артында аңырап Құдай қосқан қосағы Мәншүк, алтын асықтай ұлы Нұрсұлтан, қыздары қалды. Жыл уағында алтын досымызды еске алып, осы жазбаны қағазға түсірдік.

Кәдірбек ҚҰНЫПИАҰЛЫ,  
жазушы-журналист

...Қазақстанның қиыр түкпірлерінен жиналған сарыұрпек бірінші курс студенттері алғашқы күннен-ақ бір үйдің баласындай бауыр басып, жүзім плантациясында қызу еңбек көрігін қайнатуға кірісіп кетті. Кімнің қанша жүзім жинағанын бригадирлер есептеп, арнайы дәптерлеріне тізіп жазып отырады. Институтқа дейін құрылыс саласында еңбек етіп, шындалып келген Шараф әдегеннен мақтауға ілікті. Мектептен келген Амантай екеуіміз сияқтылар көк жалғаудың өзіміз. Қалың жүзім арасына кіріп алып, ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүруге ықыластымыз. Мұндайда Шәкең ақшын айтып, ертең ұятқа қалып жүрмеуімізді ескертуден танбайды.

Кешкісін жұмыстан сілеміз қатып келсек те, шағын спорт алаңында волейболдың туын тігеміз. Мұнда да Шараф көзге түсті. «Картошка» деп аталатын ойын ойнаймыз. Допты дұрыс ала алмағандар дөңгеленіп тұрған шаршы топтың ортасына отырғызылып, «жазаланады». Сыртта тұрғандар көңілі жақандарын шөппен ұрып, жазадан құтқарады. Шәкең көзіне түскен ажарлы қыздарды құр жібермейді.

Осындай күндердің бірінде түскі тамақтан жұмысқа қарай бет алғанда

алыстан жаулығы ағараңдаған бір апа көзімізге шалынды. «Біреудің апасы келе жатыр!» деп қыздар шу ете қалды. Қарасам өзімнің шешем! Алдында Маловодное деген ауылда екенімізді хатқа жазып жібергенмін. Ертеңгісін Кегеннен шыққан бір көлікке мініп алып, тартып отырған беті екен. Құр қол келмеген. Үлкен жол сөмкесінде қыстан шыққан, ұнның ішіне салып сақтаған қазы-қарта, жал-жая сияқты әбден сурленген еті бар. Жетекшілік жасап жүрген ұстазымыз мені апамның қасына қалдырды. Еттен босаған сөмкесін жүзімге толтырып, жолай кездескен бір мәшинеге шешемді салып жібердім. Кешкісін жұмыстан келгендер сүр еттің дәміне тамсана отырып соғып алды. Сондағы Шарафтың сурленген қазыға соншалықты сүйсінгені есімде қалыпты. Ет жел отырып, біраз қыздар алыстағы ата-анасын есіне түсіріп, көз жасын бір-бір төгіп алды.

Шараф өзімен бірге қарақалпақ тілінде шығатын «Әмудария» деген журналдың бірнеше санын ала келіпті. Біздің «Жұлдыз» сияқты әдеби журнал екен. Кетер-кеткенше өлгі журналдан біраз дүние оқып, қарақалпақ тіліне едәуір төселіп алдым. Еш қиындығы жоқ, қазақ тіліне өте жақын. Сөз арасында айта кетейін, қарақалпақ,

өзбек тілдерін үйренуім кейін Қоныратқа, Шарафтардың үйіне қонаққа барғанда және әскер қатарында қызмет еткен жылдары өзінің жемісті жалғасын тапты. Шараф, Орынбек, Асқармен қарақалпақша еш қиналмай емін-еркін сөйлесе беретін деңгейге жеткенім де осы азаматтармен қылауысты достығымыздың арқасы шығар. Достығымыздың басы болған соң да ауылшаруашылық жұмыстарын еске алмай кете алмадым.

Ұмытпасам, 1981-дің жазы болар, каникул кезінде біздің ауылға қонаққа бардық. Үйге жақындағанда ауладағы бір түп теректі көлеңкелеп, жүн түтіп отырған апам көзімізге шалынды. Бізді көре салып, қуанғанынан көзіне жас алып, маңдайымыздан искеп, балаша маз болып жүр. Баласын күткен ана бейнесі Шарафқа да үлкен ой салса керек. Кейін осы көріністің бояуын қалыңдатып, оқиғасын қоюлатып, әйгілі «Жалғаншы» деген әңгімесін жазды. Бұл әңгіме «Жалын» журналы жариялаған Т.Айбергенов атындағы әдеби сыйлыққа ие болғанын оқырман қауым жақсы біледі.

Ауылы Алматыда біздің студенттік өміріміздің төрт жылы да көзді ашып-жұмғандай мерзімде зыр етіп өте шығыпты. 1983-тің жазында «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің



## СӘКЕННІҢ САН ҚЫРЫ САРАЛАНДЫ

Бас қаладағы Сәкен Сейфуллин музейінің 35 жылдығы аясында «Сыр сандық» сериясының IX томы «Сәкен Сейфуллин және фольклор» кітабының тұсаукесері өтті. Белгілі ғалымдар, ұстаздар, өнерпаздар, зиялы қауым өкілдері қатысқан жиын рухани кешке ұласты.



Аталған кітап Астана қаласы Бірлескен мұражайлар дирекциясының қолдауымен жарық көрді. Еңбек авторы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор Анарбай Бұлдыбай. Бұл монография еңбегінде қазақ әдебиеті тарихын қалыптас-

тыруға үлес қосқан Сәкен Сейфуллиннің қазақ фольклорын жинау, зерттеу және жариялау саласына сіңірген еңбектері сараланған.

Атап айтқанда, Сәкен Сейфуллин 1935 жылы «Ақан серінің таңдамалы өлеңдері»

кітабын құрастырып, баспаға дайындады. Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы қызметін атқарғанында өнер зерттеуші, этнограф Александр Затаевичке «Қазақтың 1000 әні» жинағын шығару үшін 2480 рубль қаражат бөлгізді. Өзі де А.Затаевичке 2 күй, 4 өн орындап беріп, жаздырды. Бұдан кейін Сәкеннің нұсқауымен өзге де өнерпаздар өнер зерттеушінің қоржынын толтырды. Бұл Сәкеннің қазақ фольклорын халыққа жеткізудегі істердің бір-екі мысалы ғана.

Кітаптың тұсаукесерінде әдебиеттанушы ғалымдар Серік Негимов, Балтабай Әбдіғазыұлы, Рақымжан Тұрысбек, Сағымбай Жұмағұлов, ұлағатты ұстаз Оспан Сүлейменұлы жылы пікірін білдірді. Сәкен Сейфуллиннің әндері шығарылды.

Жалпы Сәкен Сейфуллин музейінің 35 жылдығына орай апталық ұйымдастырылды. Соның аясында мұражай директоры, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов «Сәкен Совнарком председателі», музей маманы Гүлназия Ыбыраева «Сәкен Сейфуллин және мемлекеттік тіл мәселелері» тақырыбында дәріс оқыды.



## ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА – ЖАСӨСПІРІМДЕР

Бокстан жасөспірімдер арасындағы Астана қаласының чемпионатында 150 боксшы қолғап түйістірді.

Ғалым  
ҚОЖАБЕКОВ

Астана қаласы әкімдігінің «№3 Олимпиада резервінің балалар мен жасөспірімдер мамандандырылған спорт мектебі» мекемесінің ұйымдастыруымен өткен чемпионатта 14 салмақ бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды.

«2008-2009 жылғы жасөспірімдер арасында өткен бұл жарыста Астана қаласының чемпиондары ғана анықталып қоймай, алдағы уақытта Қазақстан біріншілігінде елордамыздың намысын қорғайтын боксшылар іріктелді. Турнир барысында жүйелі жаттығулар мен бапкерлердің жұмыс нәтижесі көрінді деп ойлаймын. Бүгін жеңіс тұғырынан көрінген жасөспірім боксшылар алдағы уақытта халықаралық жарыстарда еліміздің намысын қорғайтын спортшылар болады деп сеніммен қараймыз, деді жарысты қорытындылаған Астана қаласының «№3 ОРМБЖСМ» мекемесінің директоры Мақсат Қадырбаев.

Жарыс жүлдегерлерін бокстан 2023 жылғы әлем чемпионы Санжар Тәшкенбай, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері Нұржан Кәрімжанов, Бақытжан Қожабеков, Нұржігіт Дәулетов, Ердаулет Рахметов, АИБА төрешісі, Ауғанстан соғысының ардагері Ерболат Ашимов, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушылары Жанат Манашев, Асқар Еркебаев, Нұржан Насанов және басқа да белгілі спортшылар жеңісімен құттықтап, мерейін өсірді.

«Толқын» спорт кешенінде төрт күн бойы өткен тартысты жекпе-жектің қорытындысында мына боксшылар жеңіске жетті: 44 келіде – Ерасыл Маратов, 46 келіде – Сағындық Есенбек, 48 келіде – Мират Теміржанов, 50 келіде – Ернұр Ониртаев, 52 келіде – Әли Жұмағерей, 54 келіде – Иманғали Қайратұлы, 57 келіде – Хантемір Темірхан, 60 келіде – Бекзат Қанат, 63 келіде – Ернұр Дүйсенбай, 66 келіде – Бауыржан Амантай, 70 келіде – Әмір Берік, 75 келіде – Нұрасыл Төребекұлы, 80 келіде – Абдрахман Сейтқали, +80 келіде – Икрам Мусаев.

## ДАЛАНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның «Халық әні» бөлімі «Дала дәстүрі» концертін ұсынды. Кеште халқымыздың қазынасы саналатын әндер әуелеп, күйлер күмбірледі.

Концертте халық әндерімен қатар еліміздің әр өңірінің музыкалық мұрасы қамтылды. Атап айтқанда, Сарыарқаның, Жетісудың, Батыс Қазақстанның, Сыр елінің, Алтай-Тарбағатай өңірінің күйлері, термелері, жырлары көрермендердің құлақ құрышын қандырды. «Сарыарқа» халық музыкасы ансамблі Есбайдың, Тәттімбеттің күйлерін күмбірлетті. Әншілер осы ансамбльдің сүйемелдеуімен әндерді айтты.

«Нұртуғанның термесі» «Қанекей, тілім, сөйлеші» атауымен де халыққа танымал. Сыр елі жауһарларының бірі саналатын бұл туындыны Айнұр Қонысбаева әуелетті. Осы өңірдің біртуар перзенті Нартай Бекежановтың термесін Рахат Бекасылов сырнаймен құйқылжытты.

Кезек Жетісу мұрасына келгенде, дарынды әншілер Бейбіт Мұсаев пен Арафат Ысқақов әндерді шалқытты. Соның ішінде Жетісу жүйрігі

Кенен Әзірбаева қағыз жыршысы Оспанқұлдың көңіл айтуы шығарылды. Бұл – әдептегі жоқтау емес, қайғы үстіндегі адамды жігерлендіретін туынды.

Арқаның әншілік мұрасынан Әсет Найманбайұлы, Ақан сері, Майра Уәлиқызы сынды халық композиторларының әндері ұсынылды. Сондай-ақ халық әні «Жорғатай», Уәйістің «Пері уайым» сынды Алтай-Тарбағатай мұрасы орындалды.

Кеште Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Айгүл Қосанова, Гүлмира Сарина, Гүлзира Бөкейхан, дәстүрлі әншілер Нұрай Танабаев, Берік Омаров, Тельман Нүркеренов, Данияр Мұқан, Әйгерім Нартұйе, халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары Сәулежан Тағзия, Жақсыкелді Маясаров, Жандос Иманбай, Зинат Қасымова, Нұржан Мейрхан, Алуа Қалымбекова, Айдоос Оңғарбай өнер көрсетті.

Дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

## ҚАРАҒАНДЫ ТЕАТРЫ КЕЛЕ ЖАТЫР

Сәкен Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры Астанаға гастрольмен келе жатыр. 17-21 қазан аралығында «Жастар» театрының сахнасында аталмыш өнер ошағы әртүрлі жанрдағы қойылымдарын ұсынады.

90 жылдан астам тарихы бар еліміздегі байырғы театрдың елордаға гастролі «Ұлтқа қызмет» деректі-көркем драмасымен ашылады. Қойылым авторы – Қанат Жүнісов, қоюшы режиссері – Айдын Салбан. Спектакльде Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш қайраткерлерінің азаттық жолындағы арпалысы, ауыр тағдыры суреттеледі.

Қарағандылықтар астаналықтарға ұсынатын тағы бір қойылым – Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шерхан Мұртазаның қаламынан туған «Текебұрқак» қойылымы.

Ерекше пластикалық морфожа жанрында ұсынылатын аталмыш туындыда адамзат үшін маңызды мәселелер айтылады.

Көрермендерді биыл 80 жылдығы атап өтілген көрнекті жазушы Оралхан Бөкейдің «Атау кере» драмасы да қызықтыраы сөзсіз. Сондай-ақ көрермендер ақиық акын Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббат» лирикалық драмасын, М.Камоллетидің «Отбасы ойыны» комедиясын, Барзу Абдуразақовтың «Айналайын» драмасын, Айдын Салбанның «Мұзды өлке» ертегісін тамашалай алады.

С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ 17-21 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА ӨТЕТІН «АРКАДАН АСТАНАҒА СӨЛЕМ!» АТТЫ ГАСТРОЛЬДІК САПАРЫ	
17 СС 12:00	«Ұлтқа қызмет» Деректі-көркем драма / авт. К. Жүнісов, реж. А. Салбанов
17 СС 16:00	«Ұлтқа қызмет» Деректі-көркем драма / авт. К. Жүнісов, реж. А. Салбанов
17 СС 18:30	«Ұлтқа қызмет» Деректі-көркем драма / авт. К. Жүнісов, реж. А. Салбанов
18 СР 10:00	«Мұзды өлке» Лернет-авансоль / авт. М. Камоллет, реж. А. Салбанов
18 СР 12:00	«Мұзды өлке» Лернет-авансоль / авт. М. Камоллет, реж. А. Салбанов
18 СР 18:30	«Қош, махаббат» Лирикалық драма / авт. М. Мақатаев, реж. А. Салбанов
19 БС 12:00	«Айналайын» Драма / авт. Б. Абдуразақов, реж. Р. Топтаев, реж. А. Салбанов
19 БС 15:00	«Ұлтқа қызмет» Деректі-көркем драма / авт. К. Жүнісов, реж. А. Салбанов
19 БС 18:30	«Текебұрқак» Лирикалық мифология / авт. Ш. Абдуллин, реж. А. Салбанов
20 ЖМ 12:00	«Мұзды өлке» Лернет-авансоль / авт. М. Камоллет, реж. А. Салбанов
20 ЖМ 18:30	«Ұлтқа қызмет» Деректі-көркем драма / авт. К. Жүнісов, реж. А. Салбанов
20 ЖМ 18:30	«Отбасы ойыны» Комедия / авт. М. Камоллет, реж. Н. Қызылбаев
21 СБ 13:00	«Қош, махаббат» Лирикалық драма / авт. М. Мақатаев, реж. А. Салбанов
21 СБ 15:00	«Атау-Кере» Драма / авт. О. Бөкей, реж. А. Салбанов
21 СБ 18:30	«Атау-Кере» Драма / авт. О. Бөкей, реж. А. Салбанов

Өтетін орны: Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Жастар» театры (I. Есенберлин, 10)



## ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Елордада паракхкейден әлем чемпионаты аяқталды. Елімізде алғаш рет өткен байрақты бәсекеге 6 елдің құрама командасы қатысты.

Астанадағы мұз айдынында Финляндия, Словакия, Швеция, Ұлыбритания, Жапония және Қазақстан құрамалары сыңға түскен жарыста паракхкейден жоғары лигаға жолдама иелері анықталды. Чемпионаттың соңғы ойынында Қазақстан құрамасы Ұлыбритания хоккейшілерін

4:3 есебімен ұтып, В дивизионындағы орнын сақтап қалды. Сөйтіп жерлестеріміз келесі жылы да В лигасында ойнайды. Ал чемпионат қорытындысында Словакия мен Жапония командалары жоғары лигаға, яғни А-roof паракхкей әлем чемпионатына шықты.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqrarat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №122

Баспаханасы: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**